



Билік пен
бизнес диалогы



2-бет

Уақытқа
бағынбайтын
ақиқат



3-бет

Кіші теннистің
үлкен үміті



8-бет

Бөкетов университетінің бүгіні



Қарағандыда көрнекті ғалым, жазушы әрі қоғам қайраткері, академик Евней Бөкетовтің есімі аталса, оның атындағы оқу орны да қатар аталады. 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін ұйымдастыруға қатысып, тұңғыш ректоры болған ол сол кезден-ақ оқу орнын жаңа деңгейге көтерді. Белгілі ғалым әрі білгір басшы университеттің материалдық-техникалық базасын жасақтап, ғылыми инфрақұрылымын дамытты. Өлшеусіз еңбегін елейтін ел 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне Евней Бөкетовтің есімін берді.

Университеттің бүгінгі бейнесі Евней Бөкетовтің тұлғасындай еңселі, беделді һәм даңқты. Оқу орны былтыр ғана «Зерттеу» мәртебесін неленген еді. Ал, биыл академик Евней Бөкетовтің ғасырлық мерейтойы қарсаңында Президент Жарлығымен алғаш рет Қарағандыдағы өңірлік университетке «Ұлттық» мәртебе берілді. Осылайша айтулы білім ордасы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетіне айналды. Ғалымның есімі уақытпен бірге жаңғыруда. Ал, еліміздегі беделді жоғары оқу орнының біріне айналуының түп-төркінінде алғашқы ректордың ізі мен ерен еңбегі жатыр.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды университетінің ұлттық мәртебе алуы – Қазақстан ғылымы мен жоғары білімінің даму тарихында айтулы оқиға болды. Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті – осындай деңгейге қол жеткізген өңірдегі алғашқы жоғары оқу орны. Ол республика бойынша 18 ұлттық университеттің қатарына жайғасты. Ал, бір жыл бұрын ғылым мен білім беру-

ді дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне «зерттеу университеті» мәртебесі берілді. Соған сай ЖОО-ның 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген болатын.

Жаңа мәртебе университетке академиялық және ғылыми дербестікті кеңейтуге жол ашады. Ол жетекші ғалымдар мен қаржы тарту мүмкіндігін арттырып, халықаралық білім кеңістігіндегі орнын нығайтады.

Былтыр алғаш рет еліміздің 21 жоғары оқу орны (2019 жылы – 10) QS рейтингіне кірді. Бұл қатарда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті де бар. Қарағандының беделді университеті халықаралық QS рейтингінде 981-ші орында тұр.

Қазір оқу орнында 14 мыңнан астам студент, магистранттар мен докторанттар білім алууда. 12 факультет 200-ге жуық білім беру бағдарламасы бойынша оқытады. Университетте 13 диссертациялық кеңес жұмыс істейді және соңғы бір жарым жыл ішінде 41 PhD докторы дайындалған. Сондай-ақ, Бөкетов университеті 193 шетелдік жоғары оқу орнымен және 70 қазақстандық білім беру мекемелері мен ұйымдарымен серіктестік қатынас орнатқан. Қазіргі уақытта университет QS WUR әлемдік рейтингісінің ТОП-500 қатарына кіретін 14 университетпен ынтымақтастық байланыста.

Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті – 10 ғылыми журналдың иесі әрі баспагері, оның ішінде 3 журнал Web of Science деректер базасында, тағы 3

журнал Scopus деректер базасында индекстеледі. Бұл тұрғыда республика бойынша үшінші орынға ие. Университет ғалымдары 42 монография шығарған, Web of Science Clarivate Analytics және Scopus ақпараттық базаларындағы журналдарда 448 мақала жариялаған, 12 патент алды.

Бұл – бүгінгі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің ауыз толтырып айтарлық жетістігі. Ел ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер Евней Бөкетовтің өзінедей һәм көзіндегі болған оқу орны еңселі қалпын тіктеп, әрдайым көш басында келе жатыр. Осылайша ғалым екен дән мәңгілік жемісін беріп келеді.

Суреттер университеттің
баспасөз қызметінен

Ебіней Бөкетовтің аруағы

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВКЕ

Рухы Бөкетовтің асып көкті,
Түңіліп түрімізден, басып бетті.
Арқадан сайғақ құрлы сая таппай,
Қашып кетті?!

Біреулер кетіп жатса, бірі келіп,
Орыны тұрған-ды ұзақ үңірейіп.
Атырау-Арқа-Алатау-Алтайда да,
Сол Рух жүруші еді күңіреніп...

Мұндағы біз түгілі, Құдайға анық,
Алаш та, аруақ та былай қалып.
Өзінің құт дарыған ұясына
Қона алмай, қаншама ұшты
шыр айналып!

Қаншама ел келді, кетті,
түскен із жоқ,
(Рухы өзіменен ұшты егіз боп).
Мен сені қаншама уақыт күттім
мұнда,
Кел, қоншы үйірімен үш тоғыз боп!

Алдыңнан шығып, айхой, алқара көк,
Құшақта Сарыарқанды айқара кеп.
Ел күтті, бел де күткен көзі талып,
Кел, қоншы, о, Аруақ, арқама кеп!

Құдайға сенбегендер «зорға»* сенер,
Жарқырап тұрар-дағы, ол да сөнер.
Не болар бұл Алаштың көрген күні,
Арқада аруағы болмаса егер?!

*Мансақор, астам, зорлықшыл адам
деген мағынада.
07.10.2020 ж.

Серік АҚСҰНҚАРҰЛЫ,
ақын, Абай атындағы
Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Әлібек ӘЛДЕНЕЙ:

Жаңа инвестициялар мен идеялар үшін тартымды орта қалыптастырамыз

Сан алуан қауіп-қатер мен алмағайып өзгерістер қабаттасқан заманда экономикамен қатар, қоғамның зияткерлік әлеуеті де басты назарда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселеге ерекше тоқталып: «Білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы және ел болашағының кепілі», – деген еді. Демек, атқарушы биліктің кез келген саладағы жұмысы стратегиялық қырағылықты, қалыптан тыс тәсілдерді және болашақты болжай білуді талап етеді. Бұл ретте назардан тыс қалмауы тиіс тағы бір фактор – қоғамдағы мәдени иммунитет. Осы тұрғыдан алғанда, Қарағанды облысын интелектуалды ресурстарға бай, құндылықтарын берік ұстанатын өңір деп айтуға толық негіз бар. Бұл идеялардың қалай туындап, қалай іске асатыны жөнінде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілдаға берген сұхбатында әңгімеледі.



– Әлібек Үсенұлы, сіз жеті бағытқа жауаптысыз және бірқатар кеңес пен комиссияға басшылық жасайсыз. Білім беру мен жастар саясатынан бастап, отбасы құндылықтары және тарихи жадыны сақтауға дейінгі түйінді мәселелерді шешумен айналысасыз. Бұл – кең ауқымды және асқан жауапкершілікті талап ететін сала. Қай-қайсың да назардан тыс қалдыруға болмайды. Дегенмен, өзіңіз қайсысын басым бағыт дер едіңіз?

– Әр бағыт – өз алдына бір экосүйе. Әрқайсысының өзіндік тарихы, құрмеуі қиын мәселелері, зор әлеуеті бар. Осы жылы бір нәрсеге анық көзім жетті: алғашқыда елеусіз көрінетін мәселе – іс жүзінде аса өзекті болып шығады. Өйткені біздің жұмыс тек білім, мәдениет, спорт, тіл, дін немесе жастар саясатын үйлестірумен шектелмейді, оның өрісі әлдеқайда кең. Бұл – адамның өмірге, еңбекке, мәдениет пен тілге, тарих пен денсаулыққа, қоғам мен өз болмысына деген ұстанымын айқындайтын іргелі салалар. Дәл осы жерде өңірдің рухани ахуалын, сенімін, бірегейлігін және даму бағытын айқындайтын мән-мағына қалыптасады.

► 4-бет

Санитарлық қызмет саңлақтарына құрмет



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Кеншілер астанасында алғаш рет санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының кәсіби мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті. Мереке аясында аймақтағы сала үздіктері марапатталып, олардың қоғамдағы еңбегі лайықты бағасын алды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл айтулы күн – 15 қыркүйек елімізде биылдан бастап ресми кәсіби мереке ретінде белгіленіп отыр. Елімізде санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің қоғамдық денсаулықты қорғаудағы маңыздылығы ескеріліп, бұл сала мамандарының еңбегін бағалаудың нақты белгісі ретінде аталып өтуде.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтау сөзінде санитарлық қызмет өкілдерінің жұмысын ерекше атап өтті. Ол бұл мамандықтың күрделілігі мен маңызына тоқталып, қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін жоғары бағалады.

Санитарлық қызметтің жұмысы көп жағдайда көзге түсе бермейді. Бірақ, дәл сіздер – инфекция, эпидемия және биологиялық қауіп-қатерлермен күрестің алдыңғы шебінде тұрған мамандарсыздар. Ұзақ уақыт бойы сіздердің еңбектеріңіз екінші қатарда қалып келді.

Алайда, COVID-19 пандемиясы кезінде өз кәсіптеріңіздің қаншалықты қажет әрі маңызды екенін дәлелдедіңіздер. Сіздердің жауапкершіліктеріңіз бен білімдеріңіздің және адал еңбектеріңіздің арқасында қалалар мен ауылдарымызда қауіпсіз орта қалыптасып отыр, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиын барысында сала мамандарына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

Марапатталғандардың қатарында Ақтоғай аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Зауреш Битанова бар. Бұл салада 38 жыл еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман үшін кәсіби мерекенің ресми түрде аталып өтуі – үлкен мәртебе.

Жылдар бойы түрлі қиындықтарды бастан өткердік. Ең ауыр кезең – пандемия кезі болды. Ол уақытта біз тәулік бойы жұмыс істедік, кейде отбасын ұмытып, қоғам денсаулығы үшін күрестік.

Еңбегіміз еленіп, кәсіби мереке белгіленгеніне қуаныштымын. Барша әріптестеріме мықты денсаулық пен береке тілеймін! – дейді Зауреш Битанова.

Қарағанды облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин де өз сөзінде әріптестеріне ризашылығын білдіріп, оларға зор денсаулық пен табысты еңбек тіледі.

Сіздердің еңбектеріңіз өте жауапты әрі күрделі. Қоғамдық қауіпсіздіктің негізі – күнделікті жұмыстарыңыз. Басты міндетіміз – тұрғындарға қауіпсіз орта қалыптастыру. Бұл бағытта сіздердің

тәжірибелеріңіз бен біліктіліктеріңіз аса маңызды. Біз бірлесіп санитарлық қауіпсіздікті барлық деңгейде қамтамасыз ете береміз, – деді ол.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің негізгі міндеттері – жұқпалы аурулардың алдын алу, санитарлық нормаларды қадағалау, эпидемиологиялық ахуалды бақылау және төтенше жағдайларға дайын болу. COVID-19 пандемиясы кезінде бұл қызметтің қоғам үшін қаншалықты маңызды екені айқын аңғарылды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Қолдау бар жерде самғау бар

Бұқар жырау ауданында әлеуметтік осал топтарға жататын бес әйелге өз кәсібін бастауға гранттар табысталды. Қаржылай қолдау «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, қатысушылар кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өтті.

Гранттық байқау екі кезеңнен тұрды. Жазда өткен алғашқы кезеңде үш кәсіпкер жеңімпаз атанса, жуырда қорытындыланған екінші кезеңде тағы бес тұрғынға мүмкіндік берілді. Билығы байқауда барлығы 10 өтінім қабылданып, олардың ішінен 400 айлық есептік көрсеткіш, яғни, 1 572 800 теңге көлемінде грант берілді.

Жеңімпаздар кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелеріне сәйкес анықталды.

Грант иегерлерінің қатарында Ақөре ауылында тұратын көпбалалы ана Әсия Нұқшешева бар. Ол бөлінген қаражатқа үш сиыр сатып алып, сүт өнімдерін өндіруді жоспарлап отыр.

Көпбалалы ана Әсел Жұмабаева грант қаражатына мобильді монша сатып алып, оны ауыл тұрғындарына жалға бермек.

Баймырза ауылынан келген Эльмира Елеуханова да грант иегері атанды. Ол асыраушысынан айырылуына байланысты, жәрдемақы алып отыр. Алынған қаражатқа жылыжай салып, көкөніс өсірумен айналыспақ.

Тоғызқұдық ауылында тұратын көпбалалы ана Нұргүл Мергенбай қой шаруашылығын дамытуды көздейді.

Ал, Доскей ауылындағы мүмкіндігі шектеулі баланың анасы Айман Айділдина грант есебінен құрт өндірісін жолға қоюды жоспарлап отыр.

Бұл гранттар – ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін өз әлеуетін жүзеге асыруға, өндірісті жолға қойып, дамытуға және тұрақты табыс көзіне қол жеткізуге үлкен мүмкіндік, – деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары Әлия Шайкенова.

Өз тілшімізден

Бұқар жырау ауданы

• КЕЗДЕСУ

Билік пен бизнес диалогы

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жүзден астам аймақ кәсіпкерлерімен бейресми жағдайда жүздесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инвестициялық жобалар пұлын таныстырды. Кездесуде бизнес пен биліктің ашық диалог құруының маңызы айтылып, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау тетіктері мен жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері талқыланды. Кездесу ресми мінбердегі баяндамадан гөрі, еркін әңгімеге құрылған, пікір мен ой тоғысқан шынайылықпен ерекшеленді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Салтанат ІЛІНІШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экономиканың сенімді тірегі

Кездесуді ашқан аймақ басшысы кәсіпкерлердің қоғамдағы рөлін айрықша атап өтті.

Біздің облыстың да, еліміздің де экономикасын дамытатын – ең алдымен сіздер, кәсіпкерлер. Сол себепті өңірдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндағым келеді. Мұны бизнес алдындағы есептің бір түрі деп қабылданыңдар. Барлық негізгі көрсеткіштер бойынша өсім байқалады. Ең басты міндетіміз – инвестиция тарту, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысының айтуынша, Қарағанды облысы бүгінде негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай өсімге қол жеткізген. Ең басты міндет – инвестиция тарту. Жыл соңына дейін аймаққа құйылатын инвестиция көлемі 1,5 трлн теңгеге жетпек. Оның ішінде тікелей шетелдік инвести-



циялардың үлесі де бар.

Инвестштаб құрылып, онда бизнеске қатысты түрлі мәселе талқыланып, шешімдер қабылданады. Біз әрқашан ашық диалогқа дайынбыз. Қолдау да, ынтымақтастық та бар, – деді аймақ басшысы.

Жаңа жобалар – жаңа мүмкіндіктер

Қарағанды облысы – еліміздегі ірі өнеркәсіп орталығы. Бүгінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі бойынша республикада көш бастап тұр. Биылдың өзінде 10 мыңнан астам жаңа тұрақты жұмыс орны ашылған. Жұмыссыздық деңгейі – елдегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі.

Ермағанбет Қабылдаулы шағын және орта бизнестің экономиканың қозғаушы күші екенін ерекше атап өтті. Жаңа жобаларды жүзеге асыру өңірдің дамуына ғана емес, әлеуметтік мәселелерді шешуге де мүмкіндік береді.

Біз алдымызға межелі мақсат қойдық. Биылғы өсім 9,5%-ға жетуі тиіс.

Оған сіздермен бірлесіп қана қол жеткізе аламыз, – деді өңір басшысы.

Шағын және орта бизнесті қолдауға 14,5 млрд теңге бөлінген. Бұл қаржы жаңа жобаларды жүзеге асырып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешуге де ықпал етпек.

Қолдау көрсетудің жаңа қадамы

Кездесуге қатысқан кәсіпкерлер де еркін диалогтың маңызын ерекше атап өтті.

Бизнес пен биліктің ашық пікір алмасуы – құлтарлық бастама. Әр кәсіпкердің алдына тосқауыл болатын түйткілдері бар. Соларды билік өкілдерінің өз аузынан тыңдап, шешу жолдарын қарастыру – біз үшін үлкен мүмкіндік, – деді тұрмыстық химия өнімдерін шығаратын WEC Trade компаниясының басшысы Вячеслав Цой.

Ал, кәсіпкерлік және индустрия басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев болса, мұндай форматтағы кезде-

сулердің тұрақты негізде өткізілетінін жеткізді.

Біріншіден, кәсіпкерлер бір-бірімен танысып, өзара байланыс орната алады. Кей жағдайларда біздің бизнес өкілдері шикізатты шетелден немесе өзге қалалардан сатып алады. Ал, мұны облыстың өзінен әлдеқайда тиімді әрі жылдам табуға болады. Екіншіден, осындай кездесулерде мемлекеттік қолдау шаралары мен преференциялар ашық талқыланады. Соның арқасында әр кәсіпкерді жеке білеміз – олар жаңа өндірістер ашуға, жұмыс орындарын құруға әзір. Ақыр соңында, мұның бәрі өңірдің дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді, – деді Асқар Ғазалиев.

Алдағы бизнес-танғы ас ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен өтпек. Кездесу тақырыбы – лизингтік мүмкіндіктер. Бұл да агроөнеркәсіпке серпін беріп, ауыл кәсіпкерлеріне қолдау көрсетудің жаңа қадамы болмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

«Алмақтың да салмағы бар»

Сән-салтанат салығы ендігіде – сән емес, заң талабы. Қазақстан Республикасында сән-салтанат элементтері салалатын қымбат көлік, яхта, ұшақ, элиталық алкоголь мен темекі өнімдері, сондай-ақ, құны жоғары жылжымайтын мүлік иелеріне қатысты салық салу тәртібі заңнамалық негізде реттелуі үстінде. Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті өкілдерінің мәлімдеуінше 2025 жылғы 18 шілдеде күшіне енген жаңа нормаларға сәйкес, жекелеген мүлік түрлеріне акциздер мен мүлік салығының арнайы мөлшерлемелері бекітілді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – халықтың әлеуметтік әділеттілікке негізделген салық жүктемесін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Түсіндіре кетілік. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде 2025 жылғы 18 шілдеде қабылданған «Сән-салтанат салығы» ретінде жеке салық түрі көзделмеген. Соған қарамастан, жекелеген тұлғалардың мүлкінің кейбір санаттарына салық салу нормалары бекітілген.

Атап айтқанда, келесі мүлік түрлері айқындалған. Мәселен, құны 18 000 айлық есептік көрсеткішті құрайтын әрі одан да құны жоғары автокөліктер жатқызылады бұған. Сатып алынған көлік құнының 10%-ы мөлшерінде акциз есептеледі. Не болмаса, құны 24 000 АЕК және құны одан жоғары яхталар мен ұшақтар (сатып алынған көлік құнының 10%-ы мөлшерінде акциз есептеледі). Құны 500 000 теңгеден асатын алкоголь өнімдері (бір литрге шаққандағы теңгемен көрсетілген құнының 10%-ы мөлшерінде акциз салынады).

Құны 10 000 теңгеден асатын темекі өнімдері (сигаралар) (бір данаға теңгемен көрсетілген құнының 10%-ы мөлшерінде акциз салынады). Жылжымайтын мүлік (пәтер, тұрғын үй және т.б.). Бір меншік иесінің атына тіркелген барлық нысандардың жиынтық құны 450 миллион теңгеден асса, онда мүлік салығы 2% мөлшерінде есептеледі.

Сонымен қатар, жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты есептеу мақсатында жылжымайтын мүлік құнын

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Корпорация) айқындайды. Бұл ретте, Корпорация белгілеген салық салу объектілерінің құны, көбінесе, олардың нарықтық құнынан едәуір төмен. Корпорация тұрғын үй мен саяжай құрылыстарының құнын есептегенде сән-салтанат коэффициенті ретінде 1 бірлік пайдаланылады. Алайда, жергілікті өкілді органдардың шешімімен бұл коэффициент ең көп дегенде 50%-ға дейін арттырылуы мүмкін.

Егерде бір тұлғаның меншігіндегі барлық салық салу нысандарының жиынтық құны 450 миллион теңгеден асып кетсе, онда салық мөлшері былай есептеледі: 2 946 600 теңге + 450 млн теңгеден асатын сомаға 2% мөлшерінде. Ал, жиынтық құны көрсетілген шектен аспайтын мүлік болса, онда әр нысанның құнына жекелеген тәртіпте салық салынады.

Тұжыра келгенде, салтанатты мұқамалға салынған салық нормалары – мемлекеттің әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуының айқын көрінісіндей. Яғни, табысы жоғары азаматтар иелік ететін бағалы мүлік пен люкс санатындағы заттар ендігі жерде тек өмір сүру деңгейінің көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге, заң алдында қосымша қаржылық жауапкершілікке айналып отыр. Осылайша қоғамда тең мүмкіндік пен әділетті салық салу жүйесін қалыптастыруға бағытталған жаңа қаржылық мәдениет төбе көрсетіп келеді. Сөбебі, алмақтың да салмағы бар. Ал, заң талабы баршаға – ортақ.

Уақытқа бағынбайтын ақиқат

Қадірлі Бапа! Құрметті Евней Арыстанұлы! Сіздің 100 жылдық мерейтойыңыз қарсаңында біз өзіңіздің кітаптарыңызға қайта үйілдік. Себебі Сіздің ойларыңыз уақыт пен кеңістіктің шекарасын бұзып өтіп, физиктер мен математиктер айтқандай, уақытқа бағынбайтын ақиқатқа сапар шегу екенін тағы бір мәрте дәлелдегендей. Осы сәтті пайдаланып, біздің зерттеу тобының жұмысы қалай басталғанын Сізбен бөлісуді жөн көрдім.



«Уақыт» ұғымынан бастасам деймін. Уақыт дегеніміз не өзі? Мүмкін, бұл – хронометриясыз кеңістік, яғни мезгілсіздік болар? Әлде кейбір үнді халқы секілді тілдерінде «өткен» және «болашақ» деген ұғым болмағандықтан, уақыт тек «осы шақпен» өлшене ме? Олардың сөздік қорында «уақыт» деген сөз де кездеспейді. Мен де сол дәстүрді ұстана отырып, тек осы шақта Сізге хат жазып отырмын, себебі Сіздің әр сөзіңіз, әр сөйлеміңіз – біз үшін бүгінгі күнмен үндескен, Сіздің рухани кеңістігіңізден жеткен, терең мағынаға толы. Біз оны тіл арқылы қабылдап, түсініп, жүрекпен сезіне білдік.

1978 жылы «Простор» журналында Сіздің «Нұрлы тағдыр уақыты» атты повесіңіз жарық көрді. Сіз оны алғашында «Ғалым күнделігінен» деп атағыңыз келген еді. Сол жылы мен бұл шығармаға рецензия жазып, оны әлі күнге дейін сарғайған қағаз бетінде сақтап келемін. Кейінірек бұл повесть орыс тілінде «Шесть писем другу», ал қазақ тілінде «Алты хат» деген атаумен басылып шықты. Суреттегі монография – осы кітапқа арналған жаңа көзқараспен жазылған, ұжымдық еңбектің нәтижесі.

2024 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына дайындық барысында мен «Алты хат» кітабындағы оған арналған беттерді тереңірек зерттеуге кірістім. Сіз бұл шығарманы аса бір құрметпен, перзенттік сағынышпен жазған екенсіз. Сол жолдарды қайта оқу барысында мен Қаныш Имантайұлының Сіздің үлкен ғалым әрі ғылым ұйымдастырушысы болып қалыптасуыңызда

үлкен үлесі бар екенін анық сезіндім. Сіз бұл еңбекке зор жауапкершілікпен қарап, академик туралы трилогия жазуды жоспарладыңыз. Өкінішке қарай, тек алғашқы бөлімі – «Жас Қаныш» («В орбите кочево») жарық көріп үлгерді.

1980 жылдардың басында Сіздің үйіңізге баруға жол түсті. Үйдің алдында көлік те жоқ, қонақ та жоқ, Сіз жалғыз отыр екенсіз. Сіз менен Уильям Шекспирдің пьесаларының орыс тіліне аудармаларының мәтіндік талдауын жасай алам ба деп сұрадыңыз. Мен материал жинастырып жүргенде, өкінішке қарай, Сіз жарық дүниемен қоштасыңыз. Тек 2000 жылдардың басында ғана Сіздің аманатыңызға қайта оралып, аспирантым Асель Амренова «В.Шекспирдің «Юлий Цезарь» шығармасының орыс және қазақ тілдеріне аудармасы: прагмалингвистикалық аспект» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Белгілі ғалым, ақын Қойлыбай Асанов Сіздің публицистикалық мұраныңызды зерттеді. Ол Сіздің шығармашылығыңыз бойынша кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Монографиядағы күрделі мәселелерді талқылау барысында ол Сіздің қазақ тілін жетік меңгергеніңізге сүйсініп, ерекше тоқталды. Монографияда Сіздің тілдік қордағы бейнелілік, метафора мен эпитет, лексикалық жағынан бай қыры мен қазақ тілінің сақталу себептеріне арналған арнайы бөлімдер де бар.


Бұл зерттеу – Сіздің шығармаларыңызды терең түсінуге жасалған алғашқы кадам ғана, құрметті Бапа, Евней Арыстанұлы! Сіздің кітаптарыңыздың парактары жас зерттеушілерді күтуде!

Уақыт пен кеңістікті жарып өтіп, бізге 1978 жылғы студенттермен болған Сіздің сұхбатыңыздың стенограммасы жетті. Ол талай жылдар бойы филология ғылымдарының докторы, профессор Таисия Тимофеевна Савченконың қолында сақталған. Бірегей сұхбат мәтіні «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде алғаш рет жарияланғалы отыр.

Сұрақ: Сіздің сүйікті жазушыңыз кім? Жауап: Қазақ халқының аттары аталмаған, белгісіз жазушылары – менің сүйікті жазушыларым. Әжемнің айтқан әңгімелерін де жақсы көремін. Негізі менің әр жиырма жылда артық көретін жазушыларымның тізімі өзгеріп отырады. (Түсіндірме. Қазақтың аттары аталмаған, белгісіз жазушылары деп сол кезде атын атауға болмайтын қазақ әдебиетінің алыптарын, әлі ақталмаған бес арысы мен үш бәйтерегін айтқаны. Олар А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Б.Майлин, т.б. еді. Сондай-ақ, артық көретін жазушыларының ішінде Ивашкевичтің фамилиясын атайды. Ивашкевич – поляк халқының белгілі ақыны, жазушысы, драматургі, эссеисті, аудармашысы. Ол Евней ағамыздың ең жақсы көретін жазушыларының бірі болған. Мұны Ивашкевич жазбаларының тақырыбынан-ақ тануға болады. Мысалы, «Хвала и слава в двух томах» эпикалық романы, т.б. Бұл жазушыны поляк әдебиетінің титаны деп атаған, өте жан-жақты адам болған, дипломат, музыкант, аудармашы, саяхатшы және эстет – Н.Бокетова).

Сұрақ: «Алты хаттың» жанры қандай? Жауап: Мен бұл кітапты досыма хат ретінде жаздым, ал осы ниетімнен не шыққанын өздеріңіз көріп отырсыздар. Сұрақ: Кейіпкерлердің аты-жөні кітапта сақталды ма? Бұл автобиографиялық кітап па? Жауап: Иә, Стендер, Пономарев, Байқоңыров, Сәтбаевтың есімдері кітапта сол күйінде дерек ретінде қалды. Субъективті мінездеме болмасын деп кейбір сүйкімсіз адамдардың атын өзгерттім. Кейбір сәтте бір тұлғаның бойындағы мінезінің сан қыры ашылады немесе екі түрлі тұлғаның қасиеті бір адамның мінезіне тоғысады. Бұл рухани үндестік һәм шығармашылық болса керек.

Сұрақ: Макбетті аудару туралы ой Сізге қалай келді? Жауап: Қай іске ынтамен кіріссең, сол жұмыс нәтижелі болады. Айналамыздағы көп адам бас кейіпкер Макбетке ұқсайды. Ол секілді қызметте өсуі үшін ештеңеден тайынбайтын, кез келген амалын жасайтын адамдар жетерлік. Өмірде де өн бойында періште мен жын қатар мекендейтін кейіпкерлер кездеседі. Мұндай кейіпкерлер – бүгінгі адамның бейнесін айқындайды. Сондықтан, бұл пьесаның өзектілігін ескере отырып, аударуға бел будым.




Сұрақ: Қарағанды театры қойған Макбет қойылымы көңіліңізден шықты ма? Жауап: Бұл сұраққа мен былай жауап берер едім. Қанша тырысқанмен, бірде-бір театр Шекспир туындыларының шексіз тереңдігі мен асқақ рухын толық жеткізе алмайтын секілді. Біздің театр осы жолдағы алғашқы қадамын жасап отыр. Шекспирдің ойлары, шығармалары адамның жан-дүниесін тазартады, тура жолға жетелейді.

Сұрақ: Сіз қалай жазасыз? Жауап: Күнделік дәптерлерім жоқ. Маған бір уақытқа он түрлі ой келеді. Тыныш күйде отырып, белгілі бір бағытта ғана ойлауға тырысасың. Сағат жеті мен онның арасы – менің ойланатын уақытым. Әріптестерімнен өз пікірлерін нақты әрі қысқа тұжырымдауды талап етемін, бұл кейде оларға қиындық туғызады.

Сұрақ: Қай тілде ойлайсыз? Жауап: Мұхтар Әуезов орыс тілінде тамаша әрі асқан шеберлікпен импровизация жасай білген, бірақ қазақша жазды. Ал мен болсам, бағындық танытып орыс тілінде жазып отырмын. Әуезов «түсімді қазақ тілінде көремін» депті. Мен де жазушы сияқты түсті қазақ тілінде көремін, сондықтан менің ана тілім – қазақ тілі.

Сұрақ: Қазіргі қазақ әдебиетінде қандай ағымдар бар? Жауап: Бес-алты жылдан бері пікір жазып келемін. Содан кейін бір уақытта мен мақалаларымның бір-біріне ұқсас екенін білдім. Бұл әуесқойлыққа байланысты. Мен әдеби сыңға қызығамын. Әдебиеттің өзі дамуда кең өріс алды. Жалпы, өсу жақсы шығармалардан байқалады.

Белгілі Кеңес инженер-сынақшысы, КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі В.Грум-Гржимайлоның мынадай сөзі бар: «Даналар ойды қайталайды, бірақ, әркім оны өзіндік болмысымен, шешен тілімен жеткізеді. Әсіресе, бұл өзіне деген адалдықты талап етеді. Жалпы біз өз кемшіліктерімізді мойындамаймыз. Өзің жасаған қателікті ашық айтып мойындау – бағылдықтың белгісі. Сол қателікті



түзеу арқылы адам шын мәнінде кемелдене түседі».

Сұрақ: Сыныстардың пікірін қалай қабылдайсыз? Жауап: Жазушының тағдыры өте ауыр. Олар сыңға төзімсіз, сезімтал келеді. Десе де, бәрімен пікірталасқа бара бермейді.

Сұрақ: Қазіргі заманғы адамның дилетанттығын жеңу мүмкін бе? Жауап: Адамның маман ретінде айналысатын белгілі бір саласы болу керек. Бірақ бір ғана саламен шектелуге болмайды. Қабілеті мол, дарынды адамды өз ғылымының екі-үш саласында еңбек етуге ынталандыру керек. Классикалық көркем әдебиеттен әркім хабардар болу керек. Өнерге әуес болуы қажет. Негұрлым адамның мәдениеті биік болса, соғұрлым оның шығармашылық, ғылыми әлеуеті жоғары болмақ. Ал бір бойынан мұндай қасиет табылмаса, онда олар ғалым емес, тек ғылыми қызметкерлер ғана.

Евней ағамыздың жастарға аманаты: Құрметті студенттер! Жүректеріңнің түбіне алғыс сезіміңізді назік гүлін өсіріп, оны ардайым баптап, қадірлеп жүріңдер. Қиын сәтте қол ұшын созған адамдардың жақсылығын ешқашан ұмытпай, оларды қадірлей біліңдер. «Рақмет» деген бір ауыз сөз – үлкеннің де, кішінің де көңілін жадыратады, жылытады. Шынайы алғыс – адамды адам ететін асыл қасиет.

Нұрсұлу БОКЕТОВА, Е.Бокетовтің немере қарындасы, ф.ғ.д., профессор

СУРЕТТЕ: Ебекең физика факультетінің кафедрa менгерушілерімен табиғат аясында (солдан оңға қарай: Л.Краусс, Ж.Ақылбаев, Е.Бокетов, А.Перевертун, Т.Көкетаев)

Ұстаз ұлағаты

Евней Арыстанұлы Бокетов 1960 жылы Қарағанды қаласындағы Қазақ КСР Ғылым академиясы Химия-металлургия институтының директоры қызметіне тағайындалды. Осы уақыттан Евней Бокетовтің жеке ғылыми және ұйымдастырушылық қызметі басталады деп айтуға болады.

Евней Арыстанұлы Бокетов – көрнекті ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор, белгілі жазушы, аудармашы, әдебиет сыншысы, публицист, Қазақстандағы ғылым және жоғары білім беру ісінің дарынды ұйымдастырушысы. Сарыарқаның төсінде Евней Бокетов ғалым, жазушы болып қалыптасты.

Мен де – Евней Арыстанұлының көзі тірісінде дайындаған ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарының қатарындағы көп шәкірттерінің бірімін. Сондықтан бұл естелік мақаламда аяулы ұстазымның ұмытылмас өнегесі, ол кісімен әр кезеңде бірге болған сәттерде көріп-білгенім, көкейге түйгенім жайлы сөз қозғамақпын.

...Әлі есімде, 1966 жыл, тамыз айының 15-жұлдызы болатын. Бұл Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін физика-химия мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтап, жолдамамен Қазақ КСР Ғылым академиясы Химия-металлургия институтының (ХМИ) директоры Евней Арыстанұлы Бокетовтің қабылдауына келген күнім. Бұрын сырттан білсем де, тілдеспеген едім. Кабинетке кіргенімде нар тұлғалы, келісті жігіт ағасы жылы шыраймен қарсы алды. Мән-жайды білді, майда қоңыр дауысы, құлаққа жағымды үнімен бірден бұлаппа әкетті. Алға қойған мақсатымды, ғылымның қай саласымен айналысқым келетінін білген соң, қасыма бір ғылыми қызметкерін қосып беріп, институт зертханаларына экзекурсия жасатқызып, таңдауды өзіме қалдырды. Мен Евней ағаның алдына қайта оралып, сирек және бытыраңқы элементтер зертханасында жұмыс істедуді қалайтынымды айттым. Сөйтсем, ол зертхананың менгерушісі де Евней Арыстанұлының өзі екен. Сол күннен бастап Евней ағаның шәкірті болу бақыты бұйырды. Ғұлама ғалым алғашқы жүздесуде-ақ мына мәселелерге назар аударуды тапсырды. Біріншіден, химия мен металлургия

саласындағы ғылымды тереңірек меңгеру үшін әрбір зерттеуші кен жыныстары мен өнеркәсіп өнімдеріне химиялық анализді өзі жасай білетін дәрежеде болу керектігін ескертті. Екіншіден, ғылыми зерттеулерді өндіріспен ұштастыра жүргізуге талабын қойды. Ең соңында, тар ғылым шеңберінде шектеліп қалмай, көркем әдебиет, мәдениеттен хабарлар, жан-жақты білім иесі болуыма тілек білдірді. Кейін араласа келе, осы қасиеттер Евней ағаның бойынан табылатынына көзім жеткендей болды. Маған талап қоюмен бірге менің оларды орындауыма жағдай жасады. ХМИ-дың аналитикалық химия зертханасында бір-екі ай тағылымдамадан өткізіп, сол жылы күзде мені Балқаш кен-металлургия комбинатына ісаспарға жіберіп, мыс өндірісінің технологиялық процестерімен толық танысуыма мүмкіндік жасады. Таза мыс алғаннан кейін мыс электролиттік шамның (қалдықтың) құрамында алтын, күміс, селен мен теллур сияқты сирек металдар, қорғасын, мырыш, басқа да бағалы металдар болады. Кейініректе мен Өзбекстандағы Алмалық, Ресейдегі Пышма мыс зауыттарында мыс электролиттік шламнан селен алудың жаңа электрохимиялық технологиясын өндірістік сынақтардан өткізуге тікелей қатыстым.

Евней Арыстанұлының шәкірттері бола жүріп, біз өзімізді химия және металлургия саласында әртүрлі мәселенің жиынтығымен айналысып жүрміз деп ойласақ керек. Әсіресе күкірт, селен, теллур, мышьяқты зерттеу қарқынды дамыды. Біз өзімізді «селеншілер» және «мышьяқшылар», «гидридтер» және «пириктер», химиктер және металлургтер, теоретиктер және практиктер, технологтар және аналитиктер деп бөліп жүрдік. Ал, Евней Арыстанұлының бір өзінде осылардың барлығы да бар еді. Ол осы жеке бағыттарды бір қуатты ғылыми бағытқа біріктіріп, оған Мәңделевше терек мағыналы «Халькогендер мен халькогенидтердің химиясы және технологиясы» деген атау берді. Сөйтіп осы саладағы зерттеулердің қазақстандық мектебінің және осы аттас проблемалық зертхананың негізін қалады.

1960-1972 жылдары ХМИ-дың директоры болған Евней Арыстанұлының жетекшілігімен Орталық Қазақстанда академиялық ғылым зор қарқынмен дами бастады. ХМИ-дағы түсті металлургияның түйіршіктелген материалдарын шахталық күйдіруден өткізу және күкірт, селен, теллур (халькогендер), мышьяқтың қатысуымен автоклавтық гидрохимиялық процестер атты екі негізгі тақырып



бойынша зерттеу нәтижелері зор ғылыми және практикалық маңызға ие болды. Алғашқы КСРО-ның авторлық куәлігі алынып, монография жарыққа шықты. Осы зерттеулердің негізінде Евней Бокетов 1966 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Институтта электрохимиялық зерттеулер басталды. Шахталық күйдіргіш пештері Ресейде, Жезқазғанда, Жамбыл зауыттарында өндіріске енгізілді. 1967 жылы Монреаль қаласында (Канада) Дүниежүзілік көрмеге қатысты. 1969 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатында мыс кендерін кешенді өңдеу технологиясын зерттеп, дамытып, өндіріске енгізуге қатысқаны үшін Евней Арыстанұлы Бокетов ғылым мен техника саласы бойынша КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1970 жылы Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі, ал 1975 жылы толық мүшесі – академик болып сайланды. 1972 жылы республикадағы екінші – Қарағанды мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры болып тағайындалды.

1972-1980 жылдары ҚарМУ-да ректорлық қызмет атқарған ке-

зеңінде Евней Арыстанұлының ғылыми-педагогикалық дарыны айқын көрінді. Ол университеттің бейорганикалық химия кафедрасының, ал 1976 жылы жаңа ашылған физикалық химия кафедрасының алғашқы менгерушісі болып, кейін оларға өз шәкірттерін қойды. Е.Бокетов бейорганикалық химия кафедрасындағы «Минералдық шикізаттарды кешенді өңдеудің теориялық негіздері» атты мемлекеттік бюджеттік тақырыптың тұрақты ғылыми жетекшісі болды, электрохимия бойынша оқу құралдарын жазды.

«Селен мен өлең – Е.Бокетовтің егіз стихиясы» деп академик Зейнолла Қабдолов жазғандай, ұстазымның ғылымдағы негізгі бағыты менің ғылыми жұмысыма арқау болды. Аспирантурада оқығанымда да оның жетекшілігімен халькогендер химиясымен айналысып, 1975 жылы Ташкент мемлекеттік университетінде Евней ағаның жетекшілігімен «Халькогендердің сілті ерітінділерімен әрекеттесуін дифференциалды-термиялық анализ әдісімен зерттеу» деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды ойдағыдай қорғадым.

1976 жылы Ұстазым, университет ректоры Евней Арыстанұлы ғылыми-педагогикалық қызметке ауыс деп ұсыныс жасады, мені бейорганикалық химия кафедрасына аға оқытушылыққа қызметке алды. Алғашқы дәрістерімнің біріне қатысып, ағалық ақыл-кеңесін айтып, қазақша айтқанда, батасын берген еді. Бір жылдан кейін доцент, 2003 жылдан бері профессор болып осы кафедрада қызметімді жалғастырып келемін. «Менен кейін не болатынын білмеймін, бірақ мен еккен дәннің біреуі өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім» деген Евней Арыстанұлының арманы жүзеге асты. Ұлағатты Ұстаз тазалықтың, әділдіктің, беззаттықтың үлгісі болды. Евней Арыстанұлы Бокетовтің өмірі әріптестерінің мәңгілік есінде, ізбасарлары мен шәкірттерінің ғылыми жаңалықтарында, университет аудиторияларында ғалымның даналығын ұғынатын жаңа буын – студенттерге жалғасады.

Әлемдік ғылым биігіне көтерілген Евней Арыстанұлы Бокетовтің ғибратты ғұмыры, ұлағаты, өшпес ғылыми, әдеби мұралары, жарқын бейнесі оның ізбасарлары мен шәкірттеріне ғана емес, бүгінгі және келешек жастарға да үлгі-өнеге болып қала бермек.

Кенжебек РҮСТЕМБЕКОВ, Бейорганикалық және техникалық химия кафедрасының еңбек сіңірген профессоры, х.ғ.д., Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі

СУРЕТТЕ: Е.Бокетов шәкірті В.Малышевпен өндірістік сынақтың нәтижесін саралауда

Әлібек ӘЛДЕНЕЙ:

Жаңа инвестициялар мен идеялар үшін

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кез келген даму стратегиясы үшін ең маңыздысы – адам. Білімге қол жеткізіп, мәдениет пен тілге құрметпен қарайтын, үні жоғарыға жетіп, әлеуетін іске асыра алатын ортада ғана ұлт қайраты тасып, қуаты артады. Адамды қалыпқа құя алмайсыз. Оның өсіп, дамуына қолайлы жағдай жасап, барынша мүмкіндік туғызу керек. Міне, сонда ғана ол қоғамның іргетасы болып қаланады. Сол себепті біздің атқарып жатқан ісіміз бірден байқалмауы мүмкін, алайда ол қоғамдағы түбегейлі өзгерістерге түрткі болады. Мен мұны көзге бірден түсе қоймайтын, бірақ жүйелі де мазмұнды өзгеріске бастайтын бірізді трансформация деп атаймын. Ең бастысы – нақты стратегия құрылып, бағыт айқындалуы керек, ал нәтижесін уақыт өте келе әр азамат сезінеді.

– Бұл қызметке келмес бұрын мемлекеттік құрылымдарда және квазимемлекеттік секторда жауапты қызметтер атқардыңыз, орталықта жұмыс істеп, ірі жобаларға жетекшілік еттіңіз. Өңірдегі қызметіңізге ол тәжірибеніздің пайдасы тиді ме?

– Өрине, жиған тәжірибен артық етпейді. Мемлекеттік органдар мен орталықтағы жұмыс маған бастамаларды жеке-жеке қарастырмай, кешенді түрде бағалауды үйретті. Мысалы, мектеп тек білім беру ісі ғана емес, ол – мұғалімдерді жұмыспен қамту, балалардың бос уақытын тиімді өткізу және балаларды үйлеріне жеткізу сынды мәселелерді қамтиды. Спорт – адамның денесін шынықтырып қана қоймайды, оны қоғамға бейімдеп, ортаға тартатын қуатты құрал. Яғни, бір шешімнің артында ондаған ілесте фактор бар. Сондықтан кез келген бастама өңірдің кешенді даму стратегиясында көрініс табуы тиіс.

Егер де біз өңіріміз орнықты, экономикамыз бәсекеге қабілетті, ал қоғамымыз кемел болсын десек, онда Қарағандыны индустриалдық қуатымен қатар, интеллектуалдық әлеуеті зор өңірге айналдыруымыз қажет. Сондықтан ең әуелі Тұлға қалыптастыруды басты назарда ұстаған жөн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: «Адами капиталдың сапасы – елдің даму қарқыны мен тұрақтылығын айқындайтын негізгі өлшем. Білімді, білікті, жауапты азаматтар болмаса ешбір реформа нәтиже бермейді».

Біз Қарағанды облысын индустриалдық орталық деп қана емес, инвестициялар мен заманауи технологияларды тартатын өңір деп қарастырамыз. Біз бұрынғыдай шикізатқа тәуелділіктен арылып, жаңа экономикалық ландшафт қалыптастыруды алға қойдық: шикізаттан – көпсалалы индустриалық жүйеге өтуді мақсат тұттық.

Сол себепті өңір басшысы нақты межені айқындады: ол – жылдар бойы қалыптасқан кәсібилік пен сенім капиталын стратегиялық ресурсқа, өңірге үздік мамандар мен тың идеяларды әкелетін даму драйверіне айналдыру.

– Білім беру саласын реформалау туралы айттыңыз. Бұл салаға іргелі өзгерістер керек екені рас. Кезек күттірмейтін мәселенің қайсысын қолға алдыңыз?

– Өңірде жұмыс істеп тұрған 402 мектептің жартысынан көбі 50 жыл бұрын салынғанын білесіз бе? Сондықтан инфрақұрылымды жаңарту – негізгі басымдықтардың бірі. Барынша икемді әрі заманға сай шешім қабылдап жатырмыз. Қазірдің өзінде болашақта салынатын он нысанның жер телімі айқындалды. Таяуда Қарағанды, Қарқаралы, Приозерск қалалары мен Нұра кентінде ескі мектептердің орнына жаңа, заман талабына сай білім ошақтары бой көтермек. Бұл жай мектеп емес, оқушыларға, әсіресе, шалғай ауылдардағы балаларға қолжетімді, сапалы әрі қауіпсіз білім кеңістігін қалыптастыруды көздейтін игі бастама.



Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасымен мектептерді қайта жаңғырту бойынша ауқымды жобаны қолға алдық. Бүгінде өңір бойынша 260-тан астам нысан – мектептер, балабақшалар мен колледждер жаңғыртылды. Соның ішінде 33 нысанда жалпы сомасы 8,1 млрд теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді. Ал 232 нысанда

Сонымен қатар, өңірде Оқу-ағарту министрлігінің – «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Соның арқасында стратегиялық ойлайтын, оқу орындарына жаңашылдық енгізуге және жауапкершілік алуға дайын мектеп басшыларының жаңа буыны қалыптасып келеді. Осылайша, бүкіл білім

Егер де біз өңіріміз орнықты, экономикамыз бәсекеге қабілетті, ал қоғамымыз кемел болсын десек, онда Қарағандыны индустриалдық қуатымен қатар, интеллектуалдық әлеуеті зор өңірге айналдыруымыз қажет. Сондықтан ең әуелі Тұлға қалыптастыруды басты назарда ұстаған жөн.

7,2 млрд теңгеге ағымдағы жөндеу жасалды. Бұл – жай ғана қабырға мен шатырды жөндеп қою емес, түптің түбінде бұл – білім сапасына, балаларды ынталандыруға және мұғалімдерге қолайлы жағдай жасауға бағытталған, функционалды және заманға сай орта қалыптастыруды дйттейтін жоба.

«Келешек мектептері» жобасына жеке тоқталып өтейін. Бұл – саналы, белсенді, әрі өзіндік көзқарасы бар тұлғаны жастайынан қалыптастыруға жағдай туғызатын жаңа білім беру ортасы. 2023 жылдан бері Қарағанды мен Балқашта, сондай-ақ, Шет және Бұқар жырау аудандарында 7100 орындық 10 жаңа мектеп салынып жатыр. Соның ішінде төртеуі (4400 орын) оқушыларға есігін айқара ашты, қалған алтауының құрылысы жалғасуда. Бұл – болашаққа жасалған инвестиция әрі жаңа дәуір мектептерін жобалаудағы бағыт-бағдар.

Осы басымдықтар аясында біз заманға сай қосымша білім беру ұйымдарының желісін кеңейтуді жоспарлап отырмыз: Майкұдықтағы Оқушылар сарайының құрылысын аяқтап, Қарқаралы мен Қарағандыда тағы екі жаңа нысан – Оқушылар сарайларын саламыз. Бұл қадамдар өңірдің білім беру саласын жүйелі түрде жаңғыртуға бағытталған. Осы мақсатта мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін енгізуді көздеп отырмыз. Орайы келгенде айта кету керек, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жас ұрпаққа, әсіресе ауыл балаларына қолайлы, озық білім беру ортасын құруға баса назар аударады. Бұл бізге мемлекет пен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін бір ортаға тоғыстыра отырып, салмақты жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

жүйесінің өзгерісін қамтамасыз ететін қаржылық база жасақтауда.

Тағы бір мысал ретінде «Ustaz Pro» жобасын алайық. Ол ондаған мектеп пен колледждерді, әсіресе монокалалардағы білім беру ұйымдарын қамтиды. Жоба мұғалімдерді дамытуға, заманауи әдістемелерді, цифрлық құралдарды енгізу мен білім беру мекемелерін жүйелі түрде аккредиттеуге бағытталған. Нәтижесінде – білім сапасын арттырудың тиімді құралы жасалады.

– Көпшіліктің пікірінше, білім беру – басқаруға ең күрделі саланың бірі. Мұнда 3 тараптың – мемлекеттің, ата-ананың және баланың мүддесін ескеру қажет. Осы ұштағанның теңдігін сақтау үшін нендей шаруа атқарылып жатыр?

– Расында да, үш тараптың да талабын ескеру керек: мемлекет жаңа стандарттар мен инфрақұрылымды қамтамасыз етеді, ата-ана баласының сапалы білім алып, қауіпсіз ортада өскенін қаалайды, ал бала өз қабілетін ашуға мүмкіндік іздейді. Осы тепе-теңдікті сақтау үшін өңірде нақты қадамдар жасалуда. Мәселен, «Teach for Qazaqstan» бағдарламасы іске қосылды. Осы тұста мынаны айта кету керек: инновациялық жоба алғаш Қарағанды облысында қолға алынып отыр. Бүгінде ол Балқаш

пен Шахтинскте, Абай және Бұқар жырау аудандарында іске асырылуда. Бағдарламаның ерекшелігі – ұстаздық дипломы жоқ азаматтар да өз саласында жоғары білімі бар болса, арнайы дайындықтан өтіп, мұғалімі тапшы мектептерде сабақ бере алады. Мұғаліммен қатар шәкірттің де әлеуетін ашатын бұл бастама білім беру жүйесіне тың серпін берері сөзсіз.

Қосымша білім беруде де жаңашыл қадамдар жасалып жатыр. Мәселен, ата-аналар үшін арнайы әзірленген Sabidamu.kz онлайн-платформасы іске қосылды. Бұл жүйе баланың дамуын қадағалауға мүмкіндік береді. Оған қоса, платформада жарияланған бейнесабақтар, әдістемелік материалдар мен мамандар кеңесі білім беру үдерісін оңтайландырады.

Сонымен бірге, қосымша білім беру бағытында ваучерлік қаржыландыру жүйесі пилоттық түрде енгізілуде. Бұрын мемлекет қаражаты тікелей мекемеге бөлінетін, енді ол қаражаттың иесі – баланың өзі. Яғни ата-ана қай үйімені таңдаса, қаражат сонда аударылады. Бұл – әділ әрі тиімді тәсіл: бәсеке күшейіп, сапаға деген талап артады. Сол себепті инфрақұрылымға, ұстаздардың біліктілігіне, бағдарламалардың мазмұнына қойылатын талаптар қайта қаралды. Біздің өңірде бұл сервис биыл күзде толық іске қосылмақ. Ол балалардың қосымша білім алуына арналған мемлекеттік тапсырыстың барлық бағытын – спорттық, шығармашылық және жалпы дамыту үйірмелерін бір арнаға тоғыстырады.

Тағы бір жағымды жаңалық – биыл біз Halyk Bank-пен бірлесіп, оқушыларды ынталандырудың жаңа, ерекше әдісін енгіздік. Ол – «Баға ал да, бонус ал» бағдарламасы. Балалардың оқу үлгерімі жақсарып, жоғары баға алған сайын арнайы есепшоттағы қаражаты да көбейе түседі.

Жобаның түпкі мақсаты – өскелең ұрпаққа білімнің шың мәнінде қадірлі екенін, ал еңбектің еленетінін ұқтыру. Осы бағдарламаның арқасында балалардың қаржылық сауаттылығы артатынын да айта кету керек.

Әлеуметтік осал топ өкілдерін баспанамен қамту – басты басымдық. Бұл істе сабақтастықты сақтау, үдеріс қарқынын жоғалтпау және нәтижеге қол жеткізудің маңызы зор. Айталық, 2024 жылы жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету ісінде елеулі жетістікке қол жетті: 147 жас баспаналы болды.

әлеуетін туған өлкесінің өсіп, өркендеуіне жұмсаса жақсы болар еді. Осы мақсатта нендей шаруа атқарылып жатыр?

– Бүгінде Қарағанды облысының әрбір төртінші тұрғыны – жастар өкілі. Нақтырақ айтсақ, олардың үлесі 26,7 пайызды құрайды. Жаңа мүмкіндік, қолайлы орта іздеп, арман қуып елден кететін де осы бұын. Сол себепті жастарды қолдау мақсатында қолға алған кез келген бастама – өңірдің ертеңіне салынған инвестиция.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, 2025-2027 жылдарға арналған Жастар саясатын дамыту жөніндегі Жол картасы әзірленді. Бұл құжат жастарға қатысты ең өзекті мәселелерді қамтиды: еңбекпен қамту, рухани-адамгершілік тәрбие беру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқықтық және экологиялық мәдениетті арттыру, тұрғын үй мен әлеуметтік түйткілдерді шешу. Барлығы – 7 басым бағыт пен 10 негізгі көрсеткіш.

Әсіресе, әлеуметтік осал топ өкілдерін баспанамен қамту – басты басымдық. Бұл істе сабақтастықты сақтау, үдеріс қарқынын жоғалтпау және нәтижеге қол жеткізудің маңызы зор. Айталық, 2024 жылы жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету ісінде елеулі жетістікке қол жетті: 147 жас баспаналы болды.

Жеке атап өтуге тұрарлық бастамалардың бірі – «Отбасы Банкпен» бірлесіп жүзеге асып жатқан жас мамандарға арналған ипотекалық бағдарлама. Облыс әкімінің қолдауымен, бюджет пен банк қаржысынан бөлінген 2,8 млрд теңгенің арқасында ондаған жас дәрігер, мұғалім және әлеуметтік қызметкер баспана алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – олардың туған өлкесінде тұрақтап, қызметін абыроймен жалғастыруына жол ашады. Бағдарламаның тағы бір құндылығы – ол шағын қалалар мен ауылдарды да қамтиды. Өздеріңіз де білесіздер, аймақтарда кадр тапшылығы айрықша сезіледі.

Жастар саясаты тек баспана және грант берумен шектелмейді. Ең бастысы – жастарға бойындағы әлеуетін танытып, қоғамға қажет әрі пайдалы екенін сезінуге мүмкіндік беру. Мәселен, «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауына 300-ден аса өтініш түсіп, соның ішінде бизнес, мәдениет, ғылым, медиа және IT бағыттарында 25 үздік жас маман облыс әкімінің грантын иеленді.

Қарағандыда заманауи Community-орталық аштық. Онда жеті түрлі функционалдық аймақ бар. Жастар үшін психолог пен занердің тегін кеңестері беріліп, болашақ кәсібин арнайы маманның көмегімен анықтауды дйттейтін жұмыстар жүргізіледі. Дизайн, подкаст, дыбыс жазу студиялары, түсірілім тағы бар. Бұл – жаңа буынға арналған ерекше экожүйе.

Келесі қадам – Жастар үйін ашу. Президенттің тапсырмасына сәйкес, заңсыз жекешелендірілген бұрынғы кинотеатр мемлекет меншігіне қайтарылды. Енді онда жастардың ширап, ыңыңдалуына жағдай жасалатын көп аймақты, заманауи кеңістік пайда болады. Осылайша біз оларды қолдап қана қоймай, туған өлкесінің өркендеуіне үлес қоссын деп жағдай жасап отырмыз. Сол үшін де жастар саясатының академиялық қырын күшейтіп, білім сапасын арттыруға басымдық берілуде.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне Ұлттық жоғары оқу орны мәртебесінің берілуі өңірдің ғылым және білім салаларының дамуына тың серпін әкелді. Бұл – оқу орнының академиялық деңгейінің мойындалуы ғана емес, бұл – жаңа мүмкіндіктерге жол ашу: енді қосымша инвестиция тартуға, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп, жетекші профессорларды білім ордасына шақыруға, ғылыми зерттеу жұмыстарын жасауға мүмкіндік молая түседі. Ертеңгі күні университет өңірдің ғана емес, бүкіл еліміздің ой-санасын өрге сүйрейтін жаңа идеялар мен ғылыми ізденістердің қайнар көзіне айналары анық.

Бұдан бөлек, қазір Ұлыбританияның жетекші жоғары оқу орындарының біразымен келіссөз жүріп жатыр. Мақсат – қос университеттің білім беру жобаларын үйлестіре отырып, ортақ бағдарламаны бастау. Ойымыз жүзеге асса, жастар әлемдік деңгейдегі білімді шетелге бармай-ақ, туған өңірінде алатын болады. «Арық айтып, семіз шық» демекші, бұл мақсатта атқарылып жатқан шаруаны егжей-тегжейлі айту әзіресе ерте. Десе де, жұмыс бағыты айқын.

– Тұлға қалыптастыруды сөз етсек, жастарды тәрбиелеудегі маңызды аспектілердің бірі – мәдениет. Қарағанды өңірі ежелден бай мәдени мұрасымен танымал. Осы саланы сақтап, дамыту жолында нендей жұмыс атқарылып жатыр?

– Қазір жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен мәдени инфрақұрылымды жаңартуды қолға алдық. Осы ретте, атсалысып жатқан барлық жанашыр жандарға алғыс айтқымыз келеді. Техникалық және жобалық-сметалық құжаттарды жасап, бірқатар маңызды нысандарға арнап жаңа архитектуралық шешімдер әзірленуде. Солардың ішінде, К.Станиславский атындағы орыс драма театрын, «Шалқыма» концерт залы мен цирк ғимаратын атап өтуге болады.



Яғни, олар ақша жинау қағидадарын түсіне бастайды, қаражатты үнемдеп ұстауға бейімделеді.

Тағы бір ерекше назар аударатын бағыт – Мемлекет басшысы тамыз конференциясында көтерген бастама. Ол – жас ұрпақты тәрбиелеудің жаңа, біртұтас «Адал азамат» бағдарламасы. Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептерінде, соның ішінде жекеменшік білімдерінде де бұл бағыт жүзеге аспақ.

Атауынан-ақ белгілі, «Адал азамат» – болашақ қазақстандықтың бейнесін айқындайтын, ұлттың рухани болмысын айшықтайтын атау. Бұл бастама жас буынның Отанына деген сүйіспеншілігін оятып, еңбекқорлық пен жауапкершілікке баулиды. Сонымен бірге, бағдарлама заңға құрмет, әділдікке адал болу, табиғатты аялау сынды іргелі құндылықтарды мектеп қабырғасынан бала санасына сіңіруді көздейді. Өйткені ертеңгі күннің ең басты капиталы – адалдықты ту еткен, жауапкершілігі зор саналы ұрпақ.

– Иә, солай. Мектеп баланы адалдыққа, отансүйгіштікке, жауапкершілікке баулиды. Мақсатшыл, белсенді, алғыр жеткіншектеріміз ер жеткенде бар білімің,

тартымды орта қалыптастырамыз

Келесі жылы бұл тізімге С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры мен хайуанаттар бағы қосылады. Сонымен қатар, жақын арада Балқаштағы М.Хамзин атындағы Мәдениет үйін жаңғырту жұмыстары басталады. Ол – 1952 жылы бой көтерген ғимарат, қаланың мәдени келбетінің маңызды бөлігі. Жоба демеушілердің қолдауымен жүзеге асырылмақ. Мұндай нысандарды жаңартудағы түпкі мақсат – заманауи жобаларды жүзеге асырып, қабілетті жастарды тәрбиелейтін орта құру.

Осы жұмыстың жалғасы ретінде мәдени-туристік бағыттың жаңа тұжырымдамасы әзірленді. Бұл идеяның ерекшелігі сол – Орталық саябақ пен циркті, Станиславский театрын, «Шалқыма» залын және Ленин кинотеатрын бір-бірімен жалғайтын жаяу жүргіншілер жолы салынбақ. Әзірге жоба эскиз түрінде ғана дайын. Тұжырымдамасы әлі ойластырылуда. Десек те, бұл жоба қаланың мәдени инфрақұрылымын біртұтас кеңістік ретінде қарастыруға мұрындық болып отыр. Басты мақсат – талантты жастардың басын қосып, таптырмас бастамаларды жүзеге асыруға жол ашатын тарихи мұра мен қаланың заманауи келбетін, жаңа инфрақұрылымды ұштастыру, ортақ үйлесім табу.

Өзге де аталған жобалар секілді бұл бастама да салт-дәстүр, креативті ой, қолжетімділік пен экономикалық тиімділік үйлесе қабысқан заманауи мәдени орта қалыптастыру жолындағы ауқымды жұмыстың маңызды бір бөлігі. Өскелең ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамыту – сенімді болашақ құруға негіз болатын басты бағыттың бірі. Осы арада, Қарағандыда креативті индустрияға серіпін беретін «Ортау» ресурстық орталығының «Сарыжайлау» кинотеатрында ашылуының ар жағында терең мән-мағына жатыр. Бүгінде «Ortau» өзгеше ойлайтын, өзіндік жолын табуға ұмтылғандар үшін тартымды орталыққа айналды.

Облыс орталығын көркейтуге бағытталған тағы бір маңызды жобалардың бірі – 1 500 адамға арналған Конгресс-холл. Қазір біз жобаны жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырудамыз. Ірі мәдени іс-шаралар өткізіп, белгілі әртістердің гастрольдік сапарын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін үлкен залдардың болмауы қаланың дамуына айтарлықтай кедергі болғаны рас. Оны мойындау керек. Конгресс-холлдың салынуы мәдени инфрақұрылымдағы олқылықтың орнын толтырып, өңірдің мәдени өміріне тың серпіні береді деп сенемін.

Бүгінде өңіріміздің мәдени өмірінде ауыз толтырып айтарлық жаңалық жетіп артылады. Түрлі фестивалдар, театр гастрольдері, этнофорум секілді ауқымды іс-шаралар өтіп жатыр. Биыл республикалық айтыс өткенін білесіздер. Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде ұйымдастырылған халықаралық айтыста біздің командымыздың жеңіске жеткенін ерекше атап өткім келеді. Сонымен қатар, «AMANAT» партиясының қолдауымен жақында өткен республикалық деңгейдегі «Командалық айтыста» қарағандылық шайырлар 20 команданың ішінен ең үздік деп танылды. Әртістеріміз ұлттық сыйлықтардың лауреатары атанса, театрларымыз республикалық және халықаралық додаларда жаксы өнер көрсетті.

Осы тұста айта кететін бір жайт, Еуропалық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының деректері бойынша, мәдени дамуы жоғары мемлекеттердің көпке өнімділігі, инновациялық дамуы мен әлеуметтік тұрақтылық деңгейі жоғары болады. Яғни, мәдениет адамды тұлға ретінде қалыптастырумен шектелмейді, тұтас қоғамды бәсекеге бейімдейді. Сол себепті, мәдени ортамызды, инфрақұрылымды сақтай отырып, адамдардың рухани, адамгершілік құндылықтарын күшейтуге мән беру аса маңызды.

– Қарағанды облысы «Кітап оқитын ұлт» жобасын республикада ең алғашқы болып қолға алды. Бұл идея нені көздейді?

– Расымен де, Қарағанды облысы бұл жобаны елімізде бірінші болып қолға алып отыр. Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен белгіленген Ұлттық кітап күнінде өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры әзірлеген жобаны іске асыруды тапсырды. Оның айтуынша, бұл жоба – ұлттың мәдени кодын күшейтетін сенімді құралдың бірі. Байқау түрінде өтетін бұл жоба мектеп оқушылары, колледждер мен ЖОО студенттері, ата-аналар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер секілді түрлі әлеуметтік топтарды қамтиды. Оған кітап оқуды дағдыға айналдырған, білімге құштар барлық буын өкілдері қатыса алады. Жалпы саны 67 мыңнан астам адам қатысуға ниет білдірді. Байқау шарттарына сәйкес, әрбір қатысушы белгілі бір тізім бойынша, кем дегенде, 15 кітап оқуы керек. Осы мақсатта 300 кітаптан тұратын тізім әзірленді. Ішінде жалпыұлттық сауалнама аясында іріктелген 100 үздік отандық әдебиеттен 43 туынды бар. Байқау талаптарының нақ осылай құрылуы тегіннен-тегін емес. World Population Review индексінің дерегіне сүйенсек, қазақстандық бір азамат жылына орта есеппен небәрі 2,8 кітап қана



оқиды екен. Салыстыратын болсақ, АҚШ, Ұлыбритания және Үндістан тұрғындары жылына 17-ден астам кітап оқиды.

Абай мен Шәкәрімдей ой алыптарын, Әл-Фараби мен Қорқыттай ғұламаларды тәрбиелеген қазақ халқы үшін мұндай көрсеткіш – ақтауға келмейтін олқылық. Кітап оқудың арқасында адамның қиялы дамиды, өрісі кеңейеді. Сол себепті, кітап оқу дағдысын қол үзуге қақымыз жоқ. Бұл рухани мәдениетіміздің темірқазығы, білімді болашақтың арқауы. Жоба мақсаты – ресми көрсеткішті арттырумен қатар, кітап оқу дағдысын қалыптастыру, оны күнделікті әрекетке айналдыру. Өңіміме басында атап өткен қоғамның мәдени иммунитеті осылайша қалыптасады. Қандай жағдай болса да сыртқы ықпалдарға берілмей, мәдениетке құрметпен қарап, сыни ойлап, адамгершілік бағдарды сақтай білу – нағыз құндылықтың өлшемі. Осының бәрі Абай айтып кеткен «толық адам» тұжырымдамасының негізін қалайды.

Президенттің айтуынша, кітапқұмар ұлт қалыптастыру – мәдениет шеңберіндегі іс қана емес, ол – елдің қауіпсіздігі мен интеллектуалды дербестігінің кепілі. Сол себепті, «Кітап оқитын ұлт» жобасы – әрқайсымыздың болашаққа қосқан зор үлесіміз. Облыстың танымал ақпарат құралдары ретінде сіздер де осы бастаманы қолдайды деп үміттенем.

– Әрине, сөзсіз қолдаймыз. Жалпы, ой-сананы, рух пен ұлттық қодты қалыптастыратын құндылықтар тек кітап оқығанда ғана емес, спортта да айқын көрінеді. Әсіресе ұлттық ойындармен айналысатын спортшылар үшін аталған қасиеттер аса қажет. Сіз, облыс әкімінің орынбасары ретінде өңірде ұлттық спорт түрлерін дамытуды бұрынғыдай белсенді қолдайсыз ба?

– Әрине. Сарыарқа бұрыннан ұлттық спорттың, оның ішінде ат спортының үздік мектебі екені баршаға аян. Бір ғана мысал келтірейін. Біздің облыста шамамен 12 мың адам ұлттық спорттың бірнеше түрімен айналысады. Олар түрлі спорттық клубтарда тіркеліп, жарыстарға қатысады. Шынығында, ұлттық спортпен айналысып, оны қолдайтындардың қатары бұдан әлдеқайда көп. Өйткені, бұл – біздің мәдени қодымыздың, ұлттық санамыз бен әдет-ғұрпымыздың ажырамас бөлігі. Қарағандылық спортшылар 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында топ жарып, ел құрамасының қоржыны 4 медальмен толықты. Жыл сайын облыста ұлттық спорттың 8 түрінен «Сарыарқа – Ұлы дала ойындары» өтеді. Біз осы саладағы жетістіктерімізді еселеп, қабілетімізді күшейтуді көздеп отырмыз.

Өңір басшысының тапсырмасына сәйкес, Қарағанды облысын ат спортының орталығына айналдыруды жоспарлап отырмыз. Бұл ата-бабамыздан мұра болып қалған тарихи салт-дәстүрімізді жаңғыртумен қатар, туризм, спорт, ауыл шаруашылығы, мәдениет пен экономиканы тоғыстыратын мультисалалық индустрия құруға мүмкіндік береді. Сарыарқаның кең даласы, сондай-ақ, Ресей, Орталық Азия және Еуропаға жақын орналасқаны бұл жобаны жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бастама өңірге қомақты инвестиция тартып, жаңа жұмыс орындарын ашады. Осылайша, бабадан қалған құндылықтарымызды сақтай отырып, оны бүгінгі заман талабына сай жаңа идеялармен жаңғыртуды қолға алдық. Бұл идеяларды жүзеге асыру өңірдің экономикасына серпіні беріп, бөделін арттырады.

– Жалпы, спорт саласына кенінен тоқталсақ. Қарағанды – чемпиондар отаны ретінде елімізге, күллі әлемге танылған. Осы салада соңғы уақытта қол жеткізген жетістіктерді атап өтесіз.

– Биыл біздің спортшылар 140 халықаралық жарыста 418 медаль жеңіп алды. Бұл – үлкен жетістік. Жастарға үлгі болатын жарқын мысалдар бар: боксшы Аида Әбі-

кеева әлем чемпионы атанды, Владислав Киреев қысқы Азия ойындарында алтын мен қола еншіледі, ал паралимпиадашылар Дастан Мұқашбеков пен Даяна Федосова қола жүлдені қанжығасына байлады. Мұндай жеңістер, сөзсіз, қанаттандырады. Бірақ біздің міндет – осы жетістіктерді тұрақты нәтижеге айналдыру, жүйелі табысқа жеткізу. Ол үшін мықты инфрақұрылымдық база қажет. Сондықтан біз тек нәтиженің өзіне емес, сол нәтижеге апаратын жолға да баса мән беріп отырмыз.

Бүгінде спорт тек жеңіс аренасы ғана емес, өңірлердің дамуына серпіні беретін күшке айналып отыр. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында бірқатар нысандардың құрылысы басталды. Саранда спорт кешені салынып жатыр. Бұған қоса, Балқашта, Шет ауданының Мойынты ауылында тез тұрғызылатын модульді спорт ғимараттарын салуға жеке инвестициялар тартылды. Ал Қарағандыда «Аманат» және «Өжет» спорт-сауықтыру кешендерінің құрылысы қолға алынды. Басты мақсатымыз – өңір халқының өмір сапасын арттыруға бағытталған, халықаралық стандарттарға сай спорттық кластер қалыптастыру. Бұл қадам спорттың қолжетімділігін кеңей-

ткізеді. «Шахтёр» футбол академиясының құрылысы басталды. Бұл – болашақ кәсіби спортшыларды дайындайтын орталық. Академия құрамында жабық манеж, ашық алаң, 3,5 мың көрерменге арналған стадион және 65 орындық жатақхана қарастырылған. Бұл – өңірлік спорттық кластерді құру жолындағы алғашқы қадам.

Футбол академиясы – кешенді бағдарламаның бір бөлігі ғана екенін айта кеткім келеді. Жоба аясында мектептегі жаттықтырушыларды оқыту да қарастырылған. Қазірдің өзінде он мектеп «пилоттық жобаға» енді. Жакында біз дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне арналған семинар өткіздік. Соның нәтижесінде олар УЕФА сертификаттына ие болды. Демек, біз тек спорттық инфрақұрылымды ғана емес, болашақ чемпиондарды тәрбиелей алатын кәсіби ортаны да қалыптастырып жатырмыз.

Келесі қадам – спортты өскелең ұрпақтың күнделікті өмір салтына айналдыру. Мәселен, жаңа ықшамаудандарда футбол алаңдары салына бастады. Нәтижесі бірден сезілді: балалардың қызығушылығы артып, әсіресе қыздардың белсенділігі ерекше көзге түсті. Бұл кездейсоқ құбылыс емес. Халықаралық зерттеулер де соны дәлелдейді.

“ Бір қарағанда елеусіз жұмыс – түптеп келгенде, тұтас жүйені қалыптастыратын маңызды бағыт болып шығады. Біз атқарып жатқан шаруаның барлығы – мектеп салу, жол жөндеу, инфрақұрылымды дамыту, бизнесті қолдау – бір ғана мақсатқа қызмет етеді. Ол – халықтың өмір сапасын жақсарту. Әр адам өз еңбегімен қоғамға пайда тигізіп, ортақ іске жұмылғанда ғана ел енесі көтеріледі.

тіп қана қоймай, болашақта түрлі бағыттағы заманауи нысандарды тоғыстырып, кешенді инфрақұрылым құруға жол ашады. Оның құрамына жеңіл атлетикалық манеж, дарынды спортшыларға арналған мектеп-интернат, мұз айдыны, әмбебап спорт кешені, футбол академиясы және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру орталығы кірмек.

Біз қазіргі заманғы тәрбиенің экожүйесін қалыптастыра отырып, тек базалық инфрақұрылымға ғана емес, жас таланттарды дамытуға да басымдық беріп келеміз. «Freedom Шапағат» қорының қолдауымен

Мәселен, Австралияның қылмыстану институты жүргізген зерттеулер жастардың спортпен жүйелі түрде шұғылдануы тек денсаулықты нығайтып қана қоймайтын айтады. Ол құқықбұзушылық деңгейін төмендетіп, мінез-құлықтың тұрақты моделін қалыптастырады әрі жасөспірімдердің қоғамға бейімделуіне зор ықпал етеді.

Сонымен бірге, біз мектептерде интеллектуалдық спорт түрлерін де белсенді енгізіп жатырмыз. Ең алдымен – шахмат. Бұл бағытта Қарағанды облыстық шахмат федерациясы үлкен жауапкершілік алып,

оқу орындарын қажетті құрал-жабдықпен және әдістемелік базамен қамтамасыз етуде. Қазірдің өзінде мұғалімдерді оқыту басталды, әр ұстаз шахматты сауатты жүргізе алуы үшін арнайы даярлықтан өтуде.

Балалар үшін шахмат – жай ғана қызығушылық үйірмесі емес, стратегиялық ойлау, логика мен зейінді шындайтын нағыз мектеп. Осылайша мектептерде екі түрлі бағыт қолданылууда: бір жағынан – дене шынықтыру мен бұқаралық спорт арқылы дамытамыз, екінші жағынан – зияткерлік және когнитивтік дамуды қолға аламыз. Нәтижесінде тәрбиенің толыққанды экожүйесі жасалып, жаңа буын алғыр да шымыр, қайсар да табанды болып жетіледі.

– Сонымен сұхбатымызды түйінде-сек. Осы бір жыл ішінде қандай сабақ алып, өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз?

– Білесіз бе, қала тұрғындары «Гармошка» деп атап кеткен тұрғын үйдің төбесінде әлі күнге дейін «Қарағанды – үлгілі тәртіп пен жоғары мәдениет шаһары» деген жазу сақталған. Бұл сөз уақыт сынынан өткен Сарыарқаның айбынын, Қарағандының қайсар рухын айшықтап тұр. Себебі бұл өңірдің жұрты үшін темірдей тәртіп, іске деген адалдық және сапаға деген талап – басты қағида.

Бір жылда түйген ойым – сырт көзге көрінбейтін, бір қарағанда елеусіз жұмыс – түптеп келгенде, тұтас жүйені қалыптастыратын маңызды бағыт болып шығады. Біз атқарып жатқан шаруаның барлығы – мектеп салу, жол жөндеу, инфрақұрылымды дамыту, бизнесті қолдау – бір ғана мақсатқа қызмет етеді. Ол – халықтың өмір сапасын жақсарту. Әр адам өз еңбегімен қоғамға пайда тигізіп, ортақ іске жұмылғанда ғана ел енесі көтеріледі.

Нағыз табыстың формуласы да осында: өсім сыртқы жағдайға емес, адамдардың ішкі жасампаз қуатына сүйенгенде ғана берік болады. Әрқайсымыз өз кәсібімізде, ортамызда, туған жерімізде қосымша күн өндіре білесек – тұрақты даму қиялдағы ойдан нақты іске, өмір сүру салтымызға айналады. Мінеки, тұрақты дамудың формуласы осыдан шығады: экономикасы қуатты мемлекет пен елге жанашыр, болашағына сенген азаматтың жасампаз әлеуеті тоғысқанда ғана ел енесі көтеріледі.

Сандар – нақты істердің көрсеткіші. Қарағанды – болашағы зор аймақ екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетті. Бір жылда ішкі жалпы өнім көлемі 11,3% пайызға өсім көрсетіп, 15,5 млрд евродан асып шығылды. Бұл көрсеткіш бізді Шығыс Еуропа, Түркия сынды елдердің деңгейіне көтереді. Мұндай нәтиже – тандалған бағыттың дұрыстығын дәлелдеп қана қоймай, өңір үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Иә, көңіл көншітер көрсеткіштеріміз баршылық. Бірақ әр көрсеткіштің ар жағында мыңдаған адамның еңбегі, озық идеясы, зор жауапкершілігі жатқанын ұмытпауымыз керек. Нағыз құндылық та осында: сол еңбек пен ізденіс жаңа бастамалардың қайнар көзіне айналып, өңір болашағына деген сенімді күшейтеді. Ал болашақ өздігінен келмейді. Сондықтан ертеңгі күн бүгіннен бастау алатынын естен шығармайық.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет! Қолға алған бастамаларыңыз бен жасап жатқан жұмысыңыз өңір дамуына жаңа қарқын береді деп сенемін.

Сұхбаттасқан
Қайрат ӘБІЛДІА
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Әртараптандырудың қарағандылық үлгісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің дамуындағы жаңа кезеңнің бастауы ретінде бағаланып отыр. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Президент Жолдауындағы маңызды мәлімдемелер елдің алдағы стратегиялық бағытын нақтылады. Қасым-Жомарт Тоқаев «Экономиканы әртараптандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуге тиіс», – деп ерекше атап көрсетті. Мемлекет басшысының ұстынды ұстанымы өңіріміздегі инновациялық жобалар мен өндірістік бастамаларды одан әрі қолдауға соны серпін беріп, ел экономикасының тұрақты әрі сапалы өсуіне жол ашпақ. Саралап көрелік...

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Стратегиялық серпін
Әуел баста экономиканы әртараптандыру жағдайында орталық облыстың әлеуметтік дамуының заманауи үрдістері мен болашағы деген мәселеге ерікті-еріксіз оқталатынымыз аян. Әманда күн ілгері озған сайын әлем өзгере бермек. Цифрлық серпін, жасанды интеллект, жасыл экономика – мұның бәрі тек жаһандық трендтер ғана емес, жап-жаңа өркениеттік шындық. Осындай сындарлы сәтте республика үшін басты міндет – жаһандық турбуленттілікте байыпты бағдарын жоғалтпай, өзіндік сара жолын табу. Мұны біз бір ауыз сөзбен тұрақты даму, терең өңдеу, саналы әртараптандыру жолы деп атап жүрміз. Ал, осы стратегиялық міндеттерді нақты іске асырып



Қолмақыз жасаған Шаһар Алашбаева

Сондықтан да, монокала десек, көз алдымызға өткеннің жарқын естелігі емес, келешектің келбеті көлденеу келуі шарт болар. Асылында, қайта түлеудің, әртараптандудың, жаңғыртудың тірек нүктесі. Задында осы қалалардың тағдыр-талайы келер күнгі болашағымыздың бет-бейнесін айқындайды. Ендеше, монокалаларды дамыту – мемлекеттің дамуын қамтамасыз етудің шешуші векторларының бірі десек, қателеспейміз.

триялық аймақтың дамуының арқасында қала бюджетке айтарлықтай қаражат түсіре бастады. Мысалы, облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысовтың айтуынша, қала мемлекеттік бюджетке 21,4 млрд теңге салық пен төлемдер түсірген. Түп нәтижесінде Саранның экономикасы анағұрлым тұрақты бола түсті.

Және бір қызықты дерек. Өткен жылы Саран қаласы республикалық бюджетке 7,2 млрд теңге аударып, елдің қаржылық ағынына айтарлықтай үлес қосты. Осы орайда облыс әкімдігі үшін шағын өнеркәсіптік аймақтар мен индустриялық кластерлерді дамыту – маңызды басымдықтардың бірі. Атап айтқанда, Теміртау қаласының маңында металлургиялық кластерді және «Сарыарқа» АЭА аумағында кремний кластерін құру өңір үшін қосымша қаржылық серпін болмақ. Жаңа шағын өнеркәсіптік аймақтарды ашу жоспарларына жергілікті кәсіпорындарды жеңілдікпен орналастыру мүмкіндігі де кіреді. Мұндай жаңашылдықтар облыс қалалары мен аудандарында кәсіпкерліктің дамуына, сондай-ақ, бос тұрған өндірістерді қайта іске қосуға оң ықпал етуі бек мүмкін.

Нәтижесінде, өңірдегі белсенді индустрияландыру мен экономиканы әртараптандыру тиесілі нәтиже беріп, болашақта орнықты даму үмітін арттырып отыр. Салық базасын кеңейту және инвестиция тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу Саран секілді қалаларға, әрмен қарай басқа өңірлерге қазіргі заман талаптарына сай экономикалық тұрғыдан бәсекеге қабілетті болуға жол ашуда. Сөйтіп, «сиқырлы да таңғажайып» Саран өз үлгісін облыстың басқа да монокалаларына масштабтайды.

– Бізде Saran индустриялық аймағы нәтижелі жұмыс істеп тұр. Осының арқасында біз жаңа жұмыс орындарын ашып, экономиканы әртараптандыра отырып, Саранды монокалалар мәртебесінен шығара алдық. Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша біз осы оң тәжірибені енді облыстың басқа қалаларына да кеңейтіп жатырмыз, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Ақиқатқа айналған арман

Өндірістік серпіліс демекші, биыл аймақта бірден үш шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылды. Қарағандыда, Саранда және Теміртауда. Айталық, Саран қаласында жаңа өнеркәсіптік аймақтың бірі аты аңызға айналған «Кармет Сервис» базасында құрылып, 20 мың шаршы метрлік алып аумақта қанат жаймақ. Ал, дәл осы сәттерде еліміздің индустриялық жүрегі саналатын Qarmet компаниясы 2030 жылға дейінгі жаңғырту бағдарламасын батыл жүзеге асыруда. Жоба құны – соматыл 1,6 триллион теңге. Тек биылдың өзінде ғана инвестиция көлемі 294,7 миллиард теңгеге жеткен. Балқашта да, «Қазақмыс» корпорациясының еркін өнеркәсіптік аймақтарында да өндірістік хабтар бой көтермек. Жергілікті кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін бұл мүлтіксіз мүмкіндік алаңы.

Индустриялық аймақпен қатар, мұнда әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға қолдау беру ісі де жүйелі жолға қойылған. Бюджеттік қаржы мен жеке инвестиция есебінен 22 көпқабатты үйге күрделі жөндеу жүргізіліп, жүздеген отбасы жаңа пәтерлерге қол жеткізген. Облыс бойынша құрылыс қарқыны да еселене түсті. Жыл соңына дейін өңірде 545 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Жаңғырған

өндіріс, жанданған құрылыс, қуатты инвестиция болашаққа нық сенім ұялатпақ. Осы жылы Арқа атырабындағы жалпы инвестиция көлемі шамамен 200 миллиард теңгені құрайтын 17 инвестициялық жобаны іске қосу көзделді. Өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы өкілдерінің мәліметінше, жоталы жобаларды жүзеге асыру 2 000-нан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік ұсынбақ.

Бірегей жобалар бірден бірнеше негізгі бағытты қамтиды: металлургия, машина жасау, баламалы энергетика және шикізатты терең өңдеу. Бірқатар нысандар қазірдің өзінде құрылыс жұмыстарының аяқталу сатысында, ал, кейбірі жақын арада іске қосылады. Биыл ерекше көзге түскен нысандардың бірі – «Қазақстандық ыстық мырыштау зауыты». Құрылысы аяқталу сатысында тұрған атаулы кәсіпорында 115 жұмыс орны құрылмақ. Жобаның құны – 6,2 миллиард теңге. Зауытты іске қосу құрылыс, машина жасау және коммуналдық шаруашылық салаларында қолданылатын қорғаныш қабаты бар өнім өндірісін жергіліктендіруге септігін тигізеді.

Сонымен қатар, өңірде «ТЭМПО Қазақстан» ЖШС-нің болаттан жасалған ті-



радиаторларын өндіру ісі. Дәлірегі жай ғана өндіріс емес, металлургия мен инжинирингтің түйіскен, технология мен тәжірибенің тоғысқан тұсы. Инвестиция көлемі де аз емес – 18,6 миллиард теңге. Сөз етіп отырған қаражат зауыттың құрылысын, озық құрал-жабдықтармен жабдықтауды және өндірістік үдерістің әр кезеңін жетілдіруге бағытталған. Ал, алдағы уақытта кәсіпорын 183 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді деп күтілуде. Мұның мәні – жүздеген отбасының әл-ауқаты артады, өңірде жаңа мамандар даярланып, еңбек нарығы жаңарлады деген сөз. Алюминий радиаторлары – бүгінгі күннің аса қажет өнімі. Жабдықтар жылыту және салқындату жүйелерінде кеңінен қолданылады. Ең бастысы, өнім тек ішкі нарықты қамтамасыз етіп қоймай, шетелдік тұтынушыларға да жөнелтіледі. Сапасы – халықаралық стандарттарға сай, ал, бағамы – бәсекеге барынша икемді.

Арнайы экономикалық аймақтағы ең ірі нысан – «Qaragandy Power Silicon» ЖШС кешені болмақ. Мұнда металлургия саласы үшін стратегиялық маңызды қорытпа – ферросилиций шығаруға арналған төрт рудотермикалық пештер құрылуда. Инвестиция көлемі – 62,8 млрд теңге. Өндіріс экспортқа бағытталып, басымдық жергілікті шикізатты терең өңдеуге берілімек. Сөйтіп, көптеген жаңа кәсіпорындар ұзақ мерзімді жұмыс істеуге, экспорттық нарықтарға шығуға және заманауи технологияларды енгізуге арналды. Жұмыс орындары мен салық түсімдерімен бірге осы тектес жобалар тұрақты өсудің негізін қалыптастырады және өңірдің жалпы әлеуетін арттырады. Облыс өз өндірістік қартасын жүйелі негізде дамытып, тиімді, технологиялық және әлеуметтік маңызы бар жобаларға басымдық береді. Әр нысан жалпы құрылымның тек бір бөлігі болғанымен, дәл осындай елеулі элементтер өңірлік экономиканың мықты негізін қалыптастырады деп айтуға болады.

Дәуір талабы

Арқа төсінде қарқынды дамудың әу-рені төбе көрсетіп келеді. Экономикалық әртараптандырудың қарағандылық үлгісі десек, жасанды интеллект пен жасыл энергия, цифрлық инновациялар мен өндірістің қуатты әлеуеті тоғысып, болашақтың сенімді іргетасын айтар едік. Мындаған адамның ерен еңбегі, табанды талпынысы мен жарқын арманы бір нүктеде түйіскендей әсер қалдырады. Шын мәнінде, өндірісті өңір мемлекет-

отырған өңірлердің бірі де бірегейі – қазыналы Қарағанды облысы.

Бүгінгі Қарағанды – шахталар мен домалар дәуірінен сандық индустрияға, монокалалардан көпфункционалды өндірістік орталықтарға бет алған серпінді өлке. Мұндағы әр жоба – жаңа экономикалық парадигманың кірпіші. Саранның сәтті трансформациясы, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағындағы соны да серпінді жобалар, энергетикалық балансқа қосылған «Гиперборей», экспортқа бағытталған өндірістер өрісті өңірдің экономикалық болмысын айқындайды, айшықтайды. Қысқа қайырсақ, аймақ келе-келе инновация мен инвестицияның символына айналууда.

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай, бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім – Қазақстанның болашақ экономикалық тәуелсіздігінің кепілі. Саралы да стратегиялық көзқарас Арқа атырабында нақты іске айналып келеді. Қарағандылық үлгі – Қазақстанның жаңа дәуірдегі даму жолының көрінісі. Мұндай мысал – әртараптандыру арқылы өркендеу, индустрия арқылы ілгерілеу, технология арқылы жаңғыру үлгісі.

Монокала миссиясы

Болашақтың бағдары дегенімізде, өндіріс өрісіндегі тірнекті тіршілік аясына мойын бұрмай, алысқа ұзай алма-сымыз кәдімкі. Монокала, Тастабында бір ғана саламен тыныстап, тұтас буынның тағдырын айқындаған мұндай қалалар бүгінде жаңа кезеңнің табалдырығында тұр. Осал тұстары да аз емес. Алайда, дәл осы шағын шаһарлар елдің индустриялық іргетасын қалап, экономикалық дамудың құрғатамырына қан жүгірткен дер шағында. Қазақстанда 20 шақты монокала бар. Шаруалы шаһарлар тегінде жағырапиялық қарайған бір нүкте ғана емес, мемлекеттің өндірістік қуаты мен өркендеу әлеуетінің шоғырланған ортасы. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, монокалалар жалпы өнеркәсіп өндірісінің үштен бірінен астамын, яғни, 36,4%-дайын қамтамасыз етіп отыр. Дәйек – құр сан емес, елдің экономикалық тұрақтылығы мен стратегиялық қуатын айғақтайтын көрсеткіш.

Солардың ішіндегі айрықша жоба – «Силумин оф Қазақстан» компаниясының алюминий радиаторларын өндіру ісі. Дәлірегі жай ғана өндіріс емес, металлургия мен инжинирингтің түйіскен, технология мен тәжірибенің тоғысқан тұсы. Инвестиция көлемі де аз емес – 18,6 миллиард теңге. Сөз етіп отырған қаражат зауыттың құрылысын, озық құрал-жабдықтармен жабдықтауды және өндірістік үдерістің әр кезеңін жетілдіруге бағытталған. Ал, алдағы уақытта кәсіпорын 183 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді деп күтілуде. Мұның мәні – жүздеген отбасының әл-ауқаты артады, өңірде жаңа мамандар даярланып, еңбек нарығы жаңарады деген сөз.

тің стратегиялық миссиясының еңселі ескерткіші, еліміздің экономикалық тәуелсіздігі мен өркендеуінің кепілі болар. Әр жаңа зауыт, әрбір жұмыс орны – елдің әл-ауқаты мен болашағына жасалған салмақты салым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда айтқан маңызды мақсаттар Қарағандының әр қиырында жаңғырып, нақты істерге айналууда. Монокалалардан басталған қайта құру, шағын өнеркәсіптік аймақтар мен инновациялық кластерлер арқылы жалғасып, үлкен әлеуметтік-экономикалық төңкеріс жасап жатыр. Бұл – тек өңірдің емес, бүкіл Қазақстанның жаңа бетбұрысы.

Жол ашқан бастамалар алдағы жылдары мындаған отбасылардың қуанышын арттырып, ел экономикасының ыйытқысына айналады. Алдағы уақытта қарағандылық үлгі еліміздің өзге аймақтарына таралып, республиканы жаһанның дамыған елдерінің қатарына қарататын жолдың бастауы болады деген сенім бар. Біз осы биіктіктен артқа дүрбі қаратпай, ендігі белестерге ұмтылып, жарқын болашаққа батыл қадам басудамыз. Өйткені, орталық облыс тегінде тоқсан тараулы тарихтың ғана емес, таңғажайып тағдырдың да алтын парағындай. Өндірісті өлкеде әр жоба – ұлы миссия, әр шешім – жаңа серпін. Бізді алда – шүбәсіз жеңіс, даму және жаңғыру жолы күтіп тұр!

• МАҰЛІТ КЕШІ

Салауат айтылған салтанат

Мауліт айы – адамзаттың асылы, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ас.) туған айы. Соған орай ҚМДБ-ның Қарағанды облысы өкілдігі Кеншілер мәдениет сарайында «Жүректердің шамшырағы – Мейірім Пайғамбары Мұхаммед (с.ас.)» атты рухани мауліт кешін өткізді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Рухани кештің шымылдығын «Әнет баба» мешітінің ұстазы Бауыржан Мейімбекұлы Қасиетті Құран аяттарын оқумен ашты. Дұға оқылып, бата жасалғаннан кейін ақ жаулықты әжелер шашу шашып, кештің көркін қыздырды. Елордадан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасынан арнайы келген Бас мүфтидің кеңесшісі Смайыл Сейтбеков жиналған қауымға уағыз айтып, Бас мүфтидің құттықтау сәлемін жеткізді.

Кеш барысында «Шаңырақ» театры «Қажылық», «Ажырасу», «Отбасы белмесі» сынды қоғамдағы өзекті мәселелерді арқау еткен көйылымдарды сахналады. Сонымен қатар, текті сөздің төресі термеге кезек беріліп, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әркенов пен биылғы «Күміс домбыра» иегері, айтыскер ақын



Нұрмұхамед Байсүгір көрермендерді тебіренгіп терме орындады.

Мауліт кешінің ең мерейлі мезетінде Дидар Қами «Мауліт жырын» оқып, пайғамбарымызға салауаттар айтылды. Жылда жалғасқан дәстүр бойынша 10 мұқтаж адамға Мауліт сыйы ретінде қаржылай қолдау көрсетілді.

– Біз діни басқармамен бірлесіп, Мауліт кешін дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырып

келеміз. Дін мен дәстүр ұғымы бағзыдан құстың қос қанатындай қатар жүреді. Халқымыздың салт-санасын жаңғыртып, әрі ардақты пайғамбарымызды ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған іс-шара көрермендерге титтей де болса әсер қалдырып, рухани серпіні берді деп ойлаймыз, – деді ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы, Әнет баба мешітінің бас имамы Естай Айтуғанұлы.

Кеш соңында рухани іс-шараға демеушілік көрсеткен кәсіпкерлердің қолдауымен көрермендер арасында билет нөмірі бойынша кіші қажылыққа жолдама ойнатылды.

Қорыта айтқанда, санаға сәуле, жүрекке жылу құятын Мауліт айын Арқа жұрты жыл сайын сағынышпен күтіп, айрықша ықыласпен қарсы алады.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТАҒЫМ

Толтыра алмай келеміз орыныңды...

Қайран қадірлі Зағыпар ағам мені! Өмірден өткеніңе де бір жыл болыпты. Өзіңсіз қыс пен көктем, жаз маусымдары өтті.

Қарағандыңа тағы да күрең күз келді. Сен бұл күзді де көре алмадың, Зақа! Екеуіміз 40 жылға жуық тонның ішкі бауындай етене жақын араласып кеткен едік.

Серік Ақсұңқарұлы ағамыздың сөзімен айтсақ, «тұла бойынан еркек затының ерен тұлғасы Сәкенді жаратқан топырақтың иісі бұрқырап тұратын» арда азамат болатынсың. Алдымдағы ағам едің. Жерлес едік. Сырлас достар едік. Жүрген жеріңді дудуманға бөлеп жүретін едің. Өзілдерің әдемі еді. Қалжыңдарың күлкіге қарық қылатын. Сұлулыққа ғашық едің.

Талантты ақындардың өзіңе ұнаған жыр шумақтарын жатқа оқитынсың. Өзің де өлең жазушы едің. Соңында 2006 жылы «Қазығұрт» баспасынан жарық көрген «Керқұла көңіл, керемет күндер» деп аталатын киіктің асығындай әйбат жыр жинағың қалды.

Сол кітабыңа маған деген ағыңнан ақтарылған ағалық ақ тілегіңді өз қолыңмен мөлідіретіп жазып берген едің-ау! Ол күндердің барлығы бүгінде көңіл төріндегі сарғайған сағынышқа айналды. Өзіңді сағынғанда сау-сағынның табы қалған сол кітабыңды қолыма алып, тағы да бір парақтап қоямын.

Тірлігіңде байлық жинаған жоқсың. Қазақтың небір маңғаз азаматтарымен өмірлік дос болдың. Қазақ даласының қай қиырына барсаң да, сені аңқылдаған адал достарың күшан жая қарсы алатын.

Өз заманыңның серісі едің.



Алау гүлдерге өмір бойы ғашық болып өттің.

«Алау гүл» деген жыр да жаздың. Оған әдемі ән де шықты. Үлкен сахналарда орындалды ол ән.

Жасыл желекті жайсаң күндерің жалғаса берер деуші едім.

Бұлай болады деп кім ойлаған? 68 жасында жалған өмірдегі сайран сапарың аяқталып, мәңгілік Жер-бесігіңе жаттың. Ортамыздағы орнын ойсырап қалды.

Осы өзіңсіз өткен бір жылда мен үшін сенің орныңды ешкім баса алмады, Зақа! Енді баса алмайтын да болар.

Нұрлы бейнең – жүрегімде. Қоңыр дауысың құлағымда қалды.

Қайраулы қылыштай жарқылдап өткен жайсаңым!

Ошақтың орнындай ойсырап қалған ор-

ныңды қалай толтырсам екен?

Содан бері бір жыл өтті. Толтыра алмай келеміз...

Пейіште нұрың шалқығай, абзал аға, ардақты дос!

Басқа не айта алғандаймын? Жүрегімді жарып шыққан мына жыр шумақтары рухыңа бағыштаған дұғам болсын.

Жүрегімде тұншығып бұла жырым, Сені іздеумен, аға дос, құлазыдым. Жадыратып жанымды жіберетін, Жетпей жүр ғой әдемі бір өзілің.

Оза шапқан ер едің елде дара, Ата-тегің – Алтайдан Кенжеқара. Қай қиырға барсаң да сапар шегіп, Қаумалаған қалың дос сенде ғана!

Алшаң басқан ұнайтын қалпың маған, Дауысыңды сағындым саңқылдаған. Арғынның деп асыра айтпасам да, Қылышы едің Алтайдың жарқылдаған.

Құлағымда сақталған қоңыр үнді, Ести алмай көңілім торығулы. Күзден бері былтырғы босап қалған, Толтыра алмай келеміз орыныңды.

Ер едің ғой белгілі елге есімің, Дейтін едің: «Бауырым! Жерлес інім!» Мақшар таңда тағы да жолығармыз, Мамық болсын, жан аға, Жер-бесігің!

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі

ҚАРАҒАНДЫ

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жаңа бастаманың жарқын бағдары

Елімізде азаматтық қорғау саласында еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін болды. Үкімет Қаулысына сәйкес, 2025 жылғы 28 қыркүйектен бастап, Төтенше жағдайлар министрлігінің (ТЖМ) жекелеген қызметкерлері қызметтік ауысуына байланысты көтерме жәрдемақы, жол жүру шығындарын өтеу мен жеке мүлкін тасымалдау шығындарын өтеу құқығына ие болады.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік деңгейде қалыптасқан бұл шешім – азаматтық қорғау органдарында қызмет ететін мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың кәсіби тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ, еліміздің түрлі өңірлерінде орналасқан құрылымдар арасында кадрлық теңгерімді сақтау мақсатында жүзеге асырылып отыр.

Көтерме төлем мен өтем алуға құқылы қызметкерлер тізіміне ең әуелі Төтенше жағдайлар министрлігі аппаратының жауапты тұлғалары кіреді. Атап айтқанда, аппарат басшысы, түрлі департаменттер мен орталықтардың басшылары және олардың орынбасарлары һәм дербес басқармалардың, кезекші бөлімдердің жетекшілері мен олардың орынбасарлары осы жеңілдікке ие болмақ.

Өртке қарсы қызмет пен төтенше жағдайлардың алдын алу комитеттері де назардан тыс қалған жоқ. Бұл құрылымдарда еңбек етіп жүрген төрағалар мен олардың орынбасарлары, комитеттің басқармалары мен дербес бөлімдерінің басшыларына да көтерме төлем қарастырылып отыр.

Еліміздің әр өңірінде орналасқан аумақтық төтенше жағдайлар органдарында да дәл осындай тәртіпте көмек алады. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен Астанадағы ТЖМ құрылымдарының бірінші басшылары мен орынбасарлары, басқарма жетекшілері, аудандық және қалалық бөлімдердің басшылары мен олардың орынбасарлары осы санатқа енеді.

Бұдан бөлек, өрт сөндіру бөлімдерінің, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелерінің және өрт сөндіру бекеттерінің басшыларының да шығындарын өтеу көзделген.

Аталған салада еңбек ететін мамандардың қызметі көбіне қауіп-қатермен бетпе-бет келуді талап етеді. Сондықтан да, олардың әлеуметтік кепілдіктермен қамтылуы – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.

Жаңа Қаулының күшіне енуі – қызметкерлерді ынталандыруға нақты қадам. Одан бөлек, бұл шешім аумақтық құрылымдардағы кадр тапшылығын азайтуға, шалғай өңірлерге жіберілген мамандардың өмірлік жағдайын жеңілдетуге де септігін тигізеді.

ҮНДЕУ

«Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына қатысуға шақырамыз

Құрметті қазақстандықтар!

1 қазан – Халықаралық қарттар күні жақында келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына ұласып келеді.

Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе-көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артууда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік

көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бейжай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып, үлестеріңізді қосыңыздар.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі

• СЕМИНАР-КЕҢЕС

Ардагерлер ауданда бас қосты

Жақында Осакаров ауданының орталығында Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің көшпелі семинар-кеңесі өтті. Жиньга облыстық кеңес мүшелері, қалалық және аудандық ардагерлер ұйымдарының төрағалары қатысты. Басқосудың басты мақсаты – тәжірибе алмасу, ұйымдардың жұмысын жандандыру және ардагерлерге көрсетілетін қамқорлықты жаңа деңгейге көтеру болды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Семинарды ашқан Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Динара Қошкенова мен Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов ардагерлер қозғалысының өңірде жоғары белсенділікпен жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті. Ардагерлердің өмірлік тәжірибесі мен ақыл-парасаты қоғам алдындағы міндеттерді шешуде үлкен демеу болып отырғанын баса айтты.

Кеңес барысында Осакаров аудандық ардагерлер кеңесінің

төрағасы Ислам Шәкірбеков есепті кезеңдегі жұмыстары туралы баяндады. Оның айтуынша, ауданда бүгінде 5 мыңнан астам зейнеткер бар. Ең үлкені – Екінші дүниежүзілік соғыстың ауданда қалған соңғы ардагері – 101 жастағы Анна Никоноровна Котова екен.

Аудандық ардагерлер кеңесінің құрамында 23 бастауыш ұйым жұмыс істейді. Олар қарттардың әлеуметтік-құқықтық мүдделерін қорғап, жалғыз-басты қарияларға қолдау көрсетуді дәстүрге айналдырған. «Ардагерге құрмет» акциясы, қайырымдылық сенбіліктері,

ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері мен медициналық ашық есік күндері – жыл сайын жалғасын тауып келе жатқан игі істердің бір парасы ғана.

Жастар ресурстық орталығының еріктілері де қарияларға көмек көрсетуде. Қыс мезгілінде қар тазалау, отын дайындау, үй-жай жөндеу секілді тұрмыстық қолдаулар жүйелі түрде ұйымдастырылады. Сонымен бірге, мерекелер қарсаңында өтетін рухани-мәдени шаралар қарттардың көңілін сергітіп, қоғаммен етене араласуына ықпал етуде.

Өткен жылы ардагерлер арасында 62 түрлі іс-шара өткізіліп, 230-дан астам қария қамтылған. Әсіресе, спорттық жарыстар мен мәдени бағдарламалар олардың белсенділігін арттыра түсті.

Аудан ардагерлерін қолдауға жеке шаруашылық серіктестіктер, бастауыш ұйым төрағалары мен ауыл әкімдіктері де атсалы-

сып келеді. Осындай қолдаудың арқасында ардагерлер қозғалысы өңірде қарқынды дамууда.

Жиын барысында ардагерлерге қамқорлық жасауға үлес қосып жүрген тұлғалар да ерекше аталды. Соның ішінде Осакаров ауданының Құрметті азаматы, ақсақалдар кеңесінің мүшесі Ольга Геренчирдің қоғамдық бастамаларына жоғары баға берілді.

Семинар-кеңестің соңында аудан әкімінің орынбасары Динара Қаршығакызы ардагерлерді қоғамның рухани тірегі деп атап, олардың бастамаларын қолдау жалғаса беретінін жеткізді.

Кездесу қорытындысында қатысушылар ардагерлер қозғалысын дамытуға бағытталған бірқатар ұсыныстарды ортаға салып, тәжірибе алмасудың маңызы зор екенін атап өтті.

Осакаров ауданы



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымы заң факультетінің деканы Абзал Мұхаметжанұлы Серікбаевқа

ӘКЕСІНІҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

д

• ТУРНИР

Кіші теннистің үлкен үміті

Елімізде үстел теннисіне арналған үлкен 11 спорт кешені бар. Солардың бірегейі – Қарағандыдағы Saryarka үстел теннисі залы. Бүгінде осы нысанда 2008 жылы туған және одан жас спортшылар арасында ел біріншілігі басталды. Аталған турнирге 17 өңірден 270-ке жуық спортшы қатысып, өзара бақ сынауда. Іс-шараның ашылуына облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев, облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин қатысып, жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда елімізде үстел теннисі спорты қарқынды дамуда. Оның ішінде өңірде де қолдау тауып, кеңінен насихатталып жатыр. Әлібек Үсеңұлы өз сөзінде осы спорттың қазіргі ахуалына тоқталып, оны жүйелі дамыту қажеттігін ерекше атап өтті.

– Қарағанды – ежелден келе жатқан спорттық өңір. Сондықтан, біз үшін спорттың әр түрі маңызды. Оның ішінде үстел теннисі де қарқынды даму үстінде. Бүгінде өңірімізден есімі әлемге танымал спортшылар шыққан.



Солардың қатарында Алан Құрманғалиев те бар. Біз осындай спортшыларымызбен мақтанамыз. Бүгінгі турнирге қатысып отырған спортшылардың арасында ел байрағын әлемдік аренада көтеретін жігерлі жастар да бар деп білеміз, – деді ол.

Сонымен қатар, Қазақстан үстел теннисі федерациясының вице-президенті Елсияр Қанағатов

та турнирдің ашылуына арнайы келіп, ойынды тамашалап қайтты. Өрі 2027 жылы елімізде тұңғыш рет үстел теннисінен Әлем чемпионаты өтетінін де баса айтты.

– Ел тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионатын өткізу мүмкіндігіне ие болдық. Ол турнир Астана қаласында өтеді. Халықаралық федерация мұндай ауқымды турнирді өткізу мүмкіндігін

қай-қайсысына болсын бере бермейді. Бұл дегеніңіз еліміз үшін үлкен жетістік. Бүгінде осы спорт түрін кеңінен насихаттап, дамыту жолында үлкен жұмыс істеліп жатыр, – деді ол.

Қазан айында жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты өтпек. Сол турнирге үздіктерді іріктеу мақсатында осы турнирді арнайы ұйымдастырған. Ел чемпионаты

командалық, жұптық және жеке-лей санатта өтуде. Ереже бойынша әр команда бес ұл және бес қыздан жасақталуы шарт. Сондай-ақ, командалық сайыста өнер көрсеткен спортшы жекелей сайысқа да қатысу мүмкіндігі қарастырылған. Жалпы, жарыс бір аптаға созылады. Жарыстың алғашқы күні командалық сайыстан басталды. Жарыс жолына шыққан Қарағанды қыздар командасы алғашқы күні үздік нәтиже көрсетті. Олар өз тобында Қызылорда және Алматы командасын 3:0 есебімен жеңіп, ақтық кезенге жолдама иеленді.

Команда мүшесі Дарья Фу – үстел теннисінен спорт шеберлігіне үміткер. Байрақты бәсеке-лерде топ жарып жүрген талантты спортшы. Өзі жекелей сайыстан ел чемпионы. Өзі жекелей разрядта ел спортшылары арасында үздік 12 спортшының қатарында. Одан бөлек, күні кеше Грузияның Батуми қаласында өткен WTT Youth Contender халықаралық турниріне қатысып, қола жүлдені қанжығалап келіпті. Осы сайыста бір өзі жекелей, жұптық және аралас разрядта бақ сынап, облыс намысын қорғамак.

– Әкем осы спортпен айналысады. Мені кішкентайымнан баулып, үлкен арена-ларға бірге алып жүрді. Үш ағам таэквондомен шұғылдansa, мені бес жасымнан бастап үстел теннисіне берді. Содан бері қол үзген жоқпын. Дәл

осы спортты таңдағанымға өкінбеймін. Ендігі мақсатым – осы турнирді жеңіспен аяқтап, Азия ойындарына жолдама алу, – деді Дарья.

Бұл турнирге Маңғыстау облысының командасы да толық құрамда келген. Жарыстың бірінші күні командалық сайыста өнер көрсетіп, өз тобынан суырылып шығыпты. Ал, команда мүшесі Маржан Амангелді командалық сайысқа қатыспаған. Керісінше, жекелей разрядта бақ сынау үшін келіпті. Дегенмен, жас спортшының командасымен жеткен жетістіктері де жоқ емес. 2022 жылы ел чемпиондары, 2024 жылы ел біріншілігінің қола жүлдегерлері атанған. Осы турнирде жекелей өнер көрсетуі үшін бір маусым үздіксіз дайындалыпты.

– Өзіме жекелей разрядта ойнаған ұнайды. Себебі, мұнда өзің ғана жауаптысың. Біреуге сенім артып, бірлескеннен гөрі өзін ойнаған мың есе артық. Жауапкершілік тек өзіне ғана жүктеледі. Жаттықтырушымен кенесіп, қарсыластарыма әртүрлі тактика қолданамын. Себебі, әрқайсысының ойнау стильдері бөлек. Командам – ақтық кезеңде. Енді өзім де жекелей сында чемпионаттың финалына жетуді көздеп отырмын, – деді Маржан Дарханқызы.

Айта кетейік, турнир 28 қыркүйекке дейін жалғасады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ата дәстүрді жаңғыртқан Нұрғазы

Соңғы жылдары қыран құсты түлету, жүйрік итті баптау сияқты ата-баба дәстүрін жаңғыртушылар қатары көбейіп келеді. Соның бірі – Қарқаралы ауданының құсбегі Нұрғазы Қазбек. Ол осы мыңжылдықтың басынан бері ел көлемінде ұйымдастырылып келе жатқан ауыл спортшыларының «Ақ бидай» ойынында бүркітшілер арасында бірінші орын иеленіп, жерлестерін мәртебеге бөледі.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төрт жылда бір өткізілетін, биыл сегізінші мәрте ұйымдастырылған «Ақ бидай – 2025» ойыны еліміздің спорттық өміріндегі игілікті шаралардың біріне айналды. Әсіресе ауылдық өңірлер үшін мәні зор бұл бәсеке жаңа таланттардың жолы ашылуына мүмкіндік береді.

Нұрғазы Аманғазыұлының қыран құс баптаумен айналысқанына үш жылдай уақыт болыпты. Бұл ерекше шеберлік пен шыдамдылықты қажет қылатын аса ауыр жұмыс.

«Көкіректе жамандық еш ниет жоқ, Аң болады кеңесің құс салғанда. Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген Бір қызық ісім екен сұм жалғанда», –

деп данышпан Абай мөлдірете жырлаған саятшылық қазақ сал-серілерінің сүйікті ісі, қазіргі тілмен айтқанда хобби болғаны хақ. Ата-баба дәстүрін жаңғыртқан Нұрғазы қазір Қарқаралы ауданындағы спорт мектебінде жаттықтырушы болып қызмет атқарады.

Ауыл спортшыларының республикалық «Ақ бидай» ойынындағы жүлде – Нұрғазы Қазбектің құсбегілік өнердегі алғашқы үлкен жеңісі. Осы жарыста биіктен көрінгені үшін оған құсбегіліктен «Спорт шебері» деген мәртебе берілуі тиіс. Бұл талапты жігіттің өзін ғана емес, шәкірттерін де қанаттандырып, ата-бабадан қалған өнердің өңірде өрістеуіне кеңінен жол ашатыны күмәнсіз.

СУРЕТТЕ: құсбегі Нұрғазы Қазбек бүркітімен жеңіс тұғырында

• ХОККЕЙ

Ел чемпионынан есе қайтарды

Хоккейден ел чемпионаты аясында қарағандылық «Сарыарқа» сырт алаңда ел чемпионы көкшетаулық «Арланмен» кездесті. Қос кездесудің нәтижесінде жерлестер 5:4 және 2:1 есебімен алаң иелерін жеңіп, маңызды ойынды өз пайдасына шешті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Арлан» – соңғы екі маусымдағы ел чемпионы. Өрі басты фавориттер. Жыл басынан бері қос команда сегіз мәрте кездесіп, оның екеуінде ғана жерлестер жеңіске жеткен. Бірақ, соған қарамастан, жерлестер екі ойында да қарсыластың осал тұсын тапты.

Бірінші кездесу тым қиынға түсті. Алғашқы айналымда-ақ алаң иелері төрт шайба салып, есепте алға шыққан болатын. Қарағандылықтар бұған тек бір ғана шайбамен жауап қайтара алды. Есеп – 1:4. Екінші айналымда қарсыластар керісінше таблодағы көрсеткішті өзгерте алмады. Бұл жолы жерлестер тағы бір шайба салып, есеп алшақтығын қысқартқан болатын.

Ойынның нағыз қызған тұсы – үшінші айналым. Алан иелері қарағандылықтардан мұндайды күтпесе керек. Жерлестер шешуші айналымға үлкен күшпен оралды. Ойын басталысымен жерлестер тағы бір шайба салып, есепті 3:4-ке жеткізді.

Ойынның шешуші кезеңінде алаң иелері қонақтардың дүркін-дүркін жасаған шабуылынан қысымға тап болды. Осындай қысымнан шығу мақсатында алаң иелері шайбаны алдыңғы шепте жүрген шабуылшыға бағыттаған. Алайда, шайба шабуылшыға жетпей, жерлестердің алаңына өтіп кетті. Ал, бұл ойын ережесінің бұзылғаны. Яғни, уақыт ұту үшін, немесе қысымнан құтылу үшін шайбаны алысқа лақтырып жіберген жағдайда төреші шайбаны қақпа тұсынан қайта қосады. Ойын қарсылас қақпасының оң қапталындағы шағын шеңберден қайта басталған. Шайбаға талас кезінде алаң қожайындары сапынан ортаға шыққан Дмитрий Преснов шайбаны өзіне қалдырып, сол



қапталда жүрген әріптесіне пас асырады. Алайда, шайбаны орта жолдан «Сарыарқа» қорғаушысы қағып алып, Сергей Барбашевқа қалдырады. Ал, ол бір сәт кідірмей Радель Фазлеевқа пас береді. Радельдің де күткені осы болса керек. Алдында тұрған қарсылас қорғаушысына мүмкіндік бермей қақпаға жойқын соққы жасайды. Осылайша, Радельдің жойқын соққысы таразы басын теңестірді. Есеп – 4:4.

Жерлестер осы қарқынымен араға жеті минут салып, жеңісті қолдан жұлып алды. Бұл жолы Эдуард Михайлов бесінші шайбаны салып, камбэк жасаудың шебері екендігін көрсетті.

Екінші ойынға алаң иелері тыңғылықты дайындықпен келген. Әсіресе, қорғанысқа қатты көңіл бөліпті. Соған қарамастан 10-шы минутта «Сарыарқа» есеп ашты. Бұл жолы көзге түскен – Данила Карабан. Екінші айналымда қақпаға

шайба жібермедік. Дәл осы қарқынмен үшінші айналымды да тәмамдамақпыз. Алайда, алаң иелері 57-ші минутта қақпадан саңылау тауып, таразы басын теңестіріп кетті. Сөйтіп, ойын соңына дейін таблодағы есеп өзгермегендіктен, кездесу овертайм уақытына ұласты. Осы кезеңде шабуылшы Артем Лихотников шешуші шайба салып, командасына жеңіс сыйлады. Осылайша жерлестер басты фавориттердің бірін жеңіп, сырт алаңда ұпай еншілеп қайтты.

Қазіргі таңда жерлестер турнирлік кестеде 12 ұпаймен ІІ орында. ІІІ орында 12 ұпаймен «Құлагер» клубы өкшелеп келеді. Ал, көш басына бір ұпай айырмашылығымен «Торпедо» клубы шықты. Енді «Сарыарқа» 27 қыркүйекте елордалық «Noma» клубымен кездеседі.

Сурет клубтың
әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-170 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген	
Меншік иесі: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 512 №105 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баста табақ.	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ИЛИШ				Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мәжжан ҚҰДАЙБЕРГЕН	